

4 Аралдағы Арыстан баб кім?



8 Мамандықты дұрыс таңдау өзінді табумен тең



Сыр бойы

22 маусым, сенбі 2024 жыл



№95-96 (20769-20770)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi_kz
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

САПАР

МӘМІЛЕ ЕКІЖАҚТЫ ІСКЕРЛІКТІ АРТТЫРАДЫ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Татарстан Республикасының Қазан қаласында Татарстан Республикасы Президентінің қатысуымен өткен «БРИКС+» елдері қалаларының халықаралық форумында өңірдің инвестициялық мүмкіндіктерін таныстырды.

Форум аясында Елабуга муниципалды ауданымен бауырластық қатынас орнату туралы өзара түсіністік меморандумына қол қойылды. Елабуга ауданында Еуропадағы алдыңғы қатарлы «Алабуга» арнайы экономикалық аймағы орналасқан. Осы құжат шеңберінде «Алабуга» арнайы экономикалық аймағымен ынтымақтастық орнатып, тәжірибе алмасу басталады деп жоспарлануда. Облыс әкімі екі ел арасындағы ынтымақтастық әлеуметтік-эконо-



микалық дамуға септігін тигізетінін айтып, көрсетілген қонақжайлыққа алғысын білдірді.

– Қазақстан мен Татарстанның бауырлас халықтары әлеуметтік-экономикалық дамудың көптеген саласында табысты ынтымақтасады. Оның ішінде Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті Татарстанның бірқатар жоғары оқу орындарымен, атап айтқанда, Қазан (Еділ) федералды университетімен, Қазан ұлттық технологиялық зерттеу университетімен және Қазан мемлекеттік мәдениет институтымен тығыз жұмыс істейді. Татарстан университеттеріндегі Қызылорда студенттері магистрлік және докторлық диссертацияларын қорғайды. Профессорлар алмасу, дәрістер оқу және бірлескен ғылыми жобаларды іске асыру жолға қойылған.

2-бет

БРИФИНГ

Қызылордада жарық жиі сөнеді. Өйткені тозығы жеткен электр желілерінің сапалы әрі тұрақты ток өткізуге мүмкіндігі жетпейді. Жарықтың жайына байланысты күрделі мәселелер көп. Қызылорда облысы бойынша «КРЭК» АҚ теңгерімінде 10 мың шақырымнан астам электр желілері мен 2 мыңнан астам қосалқы станция бар. Бүгінгі таңда осы электр қондырғыларының 66 пайызының тозығы жеткен.

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ТҰТЫНУ 25 ПАЙЫЗҒА АРТҚАН



2-бет

ХАЛЫҚ ЖӘНЕ НАРЫҚ

ЗАҢҒА ӨЗГЕРІС ЕНДІ: ЖҰРТШЫЛЫҚ ҚАРЫЗ ҚАМЫТЫНАН ҚҰТЫЛА АЛА МА?

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кредит беру кезінде тәуекелдерді барынша азайту, қарыз алушылардың құқықтарын қорғау, қаржы нарығын реттеуді және атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды. Заңға халықтың борыштық жүктемесінің өсуіне жол бермеуге қатысты бірқатар ережелер енгізілді. Ол қандай ережелер? Тарқатып көрелік.

Енді 90 күннен асқан берешегі барларға кепілсіз тұтынушылық қарыз беруге тыйым салынады. Демек, бұрынғыдай есепсіз кез келген затты немесе тұрмыстық бұйымдарды алып, оны төлей алмасаныз, келесі жолы несие алуға мүмкіндігіңіз болмайды. Расында қарызға ұялы телефон, киім-кешек, түрлі техникалық заттарды аламыз. Бірақ қаржылық есеп дұрыс болмаса, төлей алмайтын қауіп басым. Сондықтан несиеге зат аларда «жеті өлшеп, бір кес» дегенді естен шығармағаныңыз абзал. Сонымен қатар 2026 жылғы 1 мамырға дейін банктер мен микро-қаржы ұйымдарына азаматтардың қарызын коллекторлық агенттіктерге беруге тыйым салынды. Коллекторлық агенттіктерге жеке

тұлғалардың құқықтарын (талаптарды) беру шарттары қатаңдатылды. Дәл осы күннен бастап тек берешек туындаған сәттен 24 ай өткен және берешекті реттеу жөніндегі рәсімдер міндетті түрде жүргізілген жағдайда ғана қарыз алушы жеке тұлғаларға қатысты құқықтарды (талаптарды) коллекторларға беруге болады.

Жасыратыны жоқ, тіпті басындағы жалғыз баспананы кепілге қойып, несие алатындар да бар. Бұл көзсіз тәуекелге амалы таусылғаннан баратын болар. Әйтпесе, жылдар бойы салған үйінен кім айырылғысы келеді. Занда бұл жағы да ескеріліпті. Кәметке толмаған балалары бар отбасыларды және I немесе II топтағы мүгедектігі бар адамдарды қыс мезгілінде



Коллаж К.Орпабаев

жалғыз баспанасынан мәжбүрлеп шығаруға тыйым салынады.

Қаржы сарапшысы Айбар Олжаевтың айтуынша, қазір елімізде «бұл кредиттен қалай құтылам?»

деп уайым жетегінде жүрген 1,5 млн адам бар. Бізде 9 млн адам экономикалық белсенді десек, соның шамамен 12 пайызы осындай күнделікті уайым үстінде жүр.

3-бет

ӨРКЕН

СОЛ ЖАҒАЛАУ: КӨНЕ ШАҒАРДЫҢ ЖАҢА ДӘУІРІ

Өлемде өзен жағалай қонған қалалар аз емес. Мысалы, Санкт-Петербург – Невада, Мәскеу – өзі аттас өзенде, Париж – Сенада, Лондон Темзада тұр. Қазақстан бойынша Есілдің бойында – Астана, Жайықтың бойында – Атырау, Сырдарияның бойында – Қызылорда, Тобылдың бойында – Қостанай, Ертістің бойында – Семей мен Павлодар орналасқан. Иә, бұл өзендердің қай-қайсысы да өзі орналасқан өңірге көрік беретіні даусыз.

Еліміздің бас қаласын Алатау баурайынан Арқа төсіне көшіру туралы шешім қабылданғанда көп адам мұны түсінбей, таңырқай қараған болатын. Өйтсе де, қаланың макеттегі көрінісі шапшаң жылдамдықпен көз алдымызда бой түзей бастағанда жұрт ол ойынан қайтқандай болды. Өйткені астанамыз күн

санап көркейіп, келбетіне келбет қоса берді. Ал Есілдің сол жағалауына ел қонып, зәулім-зәулім үйлер мен ғимараттар салынатыны ешкімнің түсіне де кірмеген еді. Бірақ орасан еңбектің арқасында арман қала көз алдымызда жас қыздай жасануын жалғастырып келеді.

3-бет



ТЕАТР

ЖЕРГІЛІКТІ ЖАЗУШЫНЫҢ ПЬЕСАСЫ САХНАЛАНДЫ

Кеше Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық-драма театрының шығармашылық ұжымы жазуші Сайлаубай Жұбатырұлының «Идадьго» трагикомедиясын тұңғыш рет көрермен назарына ұсынды.

Пьеса авторы басты кейіпкері Қиянханды әділдік, ақиқат, адамгершілік қағидатын берік ұстап, өмірде өтірікпен, көзбояушылықпен күресуші тұлға ретінде сипаттайды. Ол айтыстан жеңіліп, біреудің әйеліне араша болам деп таяқ жеп, тауы шағылады. Бірақ өз ойынан – әділдік, адалдық, ақиқат жолынан қайтқысы жоқ.

Қиянхан – келенсіздіктермен Дон Кихот сияқты жеке дара күрескерлікке шығатын кейіпкер. Әділдік, тазалық, адалдық жолында жанын беретін, санаға сәуле құятын ойластырылған персонаж.

Сайлаубай Жұбатырұлы оқырманға Қазақстандағы экология тақырыбын елу жылдан астам уақыт бұрын көтерген көсемсөз шебері ретінде кеңінен таныс. Ол жарты ғұмыры мен шығармашылық қабілетін Арал теңізінің түйтікілін қозғауға арнап келеді. «Абыржы» трилогиясы мен «Отты өткел», «Бумеранг», «Жасыл сағым», «Алыстағы аралдар» сияқты кітаптардың авторы.

Қаламгердің пьесасына негізделген спектакльде басты рольдерді театр артистері Сұлтанбек Бисеналиев пен мәдениет саласының үздігі Арай Көшімбаев сәтті орындап шықты. Ал режиссері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қызылорда облысының құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері Хүсейін Әмір-Темір.

«СБ» ақпарат

Валюта бағамы \$ 459,6 kzt

€ 493,06 kzt

₸ 5,38 kzt

Ауа райы

+35° +37°

+31° +33°

МӘМІЛЕ ЕКІЖАҚТЫ ІСКЕРЛІКТІ АРТТЫРАДЫ

Сонымен қатар, Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылған «500 ғалым» жобасы аясында біздің университеттің үш ғалымы ғылыми тағылым-дамадан өтуде. Мәдениет саласындағы ынтымақтастық жылдар бойы жалғасуда. Татар этномәдени бірлестігі – біздің өңірдегі ең белсенді бірлестіктердің бірі,

облыстың әлеуметтік-мәдени өміріндегі барлық маңызды іс-шараға қатысады.

Облыстың басты артықшылықтары – көлік-логистикалық әлеуеті, минералдық-шикізат ресурстарының бай қоры, агро-өнеркәсіптік кешенді және жаңартылатын энергия көздерін дамыту мүмкіндіктері.

Жалпы облыс аумағында қара және түсті металдардың, пайдалы қазбалар мен сирек кездесетін элементтердің бай қоры

бар. Қазақстанның ванадий қорының 66%-ы, мырыштың 16,4%-ы, қорғасынның 11,1%-ы және уранның 14,7%-ы Қызылорда облысында. Өңірге жаңа жобаларды орналастыру үшін 6 индустриялық аймақ жұмыс жасауда – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Іс-шарада аймақ басшысы форум қатысушыларын бірлесіп жұмыс жасауға шақырды.

1-бет

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ЭКОАКЦИЯНЫ ЖАЛҒАСТЫРУ ЖОСПАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Облыс әкімдігінде өткен арнайы мәжілісте Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясын жалғастыру жоспары талқыланды.

«Таза Қазақстан» жай ғана маусымдық акция емес, халықтың экологиялық мәдениетін, тазалыққа, ең бастысы, тәртіпке деген жауапкершілігін арттыруды көздейді. Мемлекет басшысы: «Қазақстанымыз таза болуы қажет. Бұл жұмыстар

елорда және ірі қалаларда ғана емес, аудандар мен ауылдарда да ұдайы ұйымдастырылуы тиіс» деп атап өтті. Осыған орай, акцияны жалғастырудың облыстық іс-шаралар жоспары бекітіліп, жұмыс жыл соңына дейін үздіксіз жүретін болды.

Қазір Қызылорда қаласы аумағындағы санитарлық тазалық жұмыстарының бөлінісі жасалды. Ол бойынша әлеуметтік және кәсіпкерлік нысандардың қасбетін қалыпқа келтіру, көше, жол бойы тазалығын қамтамасыз ету, жол


белгілерін түзету ұйымдастырылмақ. Облыстық басқарма басшылары өздеріне қарасты мекемелердің тазалығын, абаттандырылуын, қасбеттерінің талапқа сай болуын бақылауға алуы қажет. Барлық жұмыс бекітілген іс-шараға сәйкес сапалы атқарылуы тиіс.

Мәжілісте облыстық қоғамдық даму басқармасына экологиялық акция кезіндегі шараларды жергілікті және республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде кеңінен ақпараттандыру тапсырылды. Акцияға бюджеттік сала, кәсіпорын қызметкерлері, өнеркәсіп мекемелері мен белсенді жастар ұйымдары, волонтерлар жұмылдырылуы тиіс.

Елді мекендердің көркеюі мен көгалдандырылуына, абаттандырылуына, санитарлық тазалығына, экологияның жоғары деңгейде өтуіне барлық мекеме біркісідей атсалысуы қажет екені ескерілді.

ТАПСЫРМАЛАРДЫҢ ОРЫНДАЛУЫ ТҰРАҚТЫ БАҚЫЛАУДА

Аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының тапсырмаларының орындалуы мен «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясының жүзеге асырылу барысын қадағалау үшін облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов қаладағы бірқатар нысанды аралады. Аралауға облыстық мәслихат төрағасы, облыс әкімінің орынбасарлары мен қала әкімі барды.



Өңірде «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы жалғасуда. Бұл акцияның туған жердің табиғатын, қоршаған ортаны қорғауға жұртшылықты жұмылдырудағы маңызын ерекше атап өту керек. Осы уақыт аралығында барлық елді мекенде үлкен-кіші түгел атсалысқан санитарлық тазарту, абаттандыру және көркейту-көгалдандыру жұмыстары жүргізілді. Президент бастамасына еріктілер,

қоғам қайраткерлері, бюджет саласы мен кәсіпорын қызметкерлері біркісідей қолдау білдіріп, 9 мың тоннадан астам қоқыс қалдығы шығарылды. Елді мекендердегі скверлер мен парктар, тарихи-мәдени ескерткіштер, әлеуметтік, өнеркәсіп және бизнес нысандары, су айдындары, аулалар мен көше бойы тазартылды. Оған 500-ден аса техника жұмылдырылды.

Экологиялық акцияның негізгі бағы-



тының бірі көркейту-көгалдандыру болғандықтан, өңір климатына жерсінетін қарағаш, терек және Сыр талының 129 мыңнан астам көшеті егілді.

Облыс әкімінің бірінші орынбасары жұмыстарды сапалы жүргізіп, тапсырманың орындалуын мұқият қадағалауды тапсырды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ТҰТЫНУ 25 ПАЙЫЗҒА АРТҚАН

Қазіргі таңда өңірдегі электр энергиясын тұтыну көрсеткіші 196 МВт құрайды. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Тахир Нәдірбек айтты.

– Облыс аумағында 10 491 шақырым электр желісі мен 2 008 қосалқы станция бар. Олардың тозу деңгейі 66 пайызды құраса, жыл соңына дейін 62 пайызға дейін түсіру жоспарланып отыр. Айта кету керек, өткен жылы 32 жобаны жүзеге асыруға қаржы бөлінді. Нәтижесінде 677 шақырым электр желісі жүргізіліп, 135 қосалқы станция орнатылды. Ал биыл электр жүйелерін жаңғырту бойынша 38 жобаға 11 млрд теңге бөлінді. Бөлінген қаржыға 786 шақырым электр желісі тартылып, 175

қосалқы станцияға жөндеу жүргізіледі, – деді ол.

Сала мамандарының айтуынша, 2022 жылмен салыстырғанда облыста электр энергиясын тұтыну көлемі 25 пайызға артқан. Өз кезегінде бұл электр желілері мен қосалқы станцияларға айтарлықтай күш түсіреді. Жаз мезгілінде электр энергиясын үнемдеу өзекті – мәселенің бірі.

Сондай-ақ брифингте «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ басқарма төрағасы Батыржан Қаракөзов тұрғындарды электр энергиясын тиімді пайдалануға шақырды.

– Облыста электр энергиясын тұтынушылардың саны артып отыр. Мәселен, 2022 жылдың 5 айында 189 682 болса, өткен жылы 192 314, ал биыл бұл көрсеткіш 194 858 болды. Өздеріңіз білесіздер, қазір күн өте ыстық. Соған сәйкес, тұрғындар да

электр энергиясын шамадан тыс қолдануда. Әсіресе түскі уақытта электр энергиясын тұтыну көлемі екі есеге дейін өсіп отыр. Бұл электр желілеріне шамадан тыс күш түсіреді. Сондықтан тұрғындарды мүмкіндігінше электр энергиясын тиімді әрі үнемді пайдалануға шақырамыз, – деді Б.Қаракөзов.

Айта кетсек, бүгінде облыс орталығындағы құны 215 млрд теңге, қуаттылығы 240 мегаваттты құрайтын жаңа жылу-электр орталығының құрылысы қарқынды жүруде. Тәуелсіздік жылдарындағы инвестор қаржысына салынып жатқан ең ауқымды жоба аймақтағы энергия тапшылығын толық шешеді. Орталықты тәжірибесі мол «Акса Энерджи» түрік компаниясы салуда. Нысан алдағы жылдың тамыз айында іске қосылады.

«СБ» ақпарат



ЫСТЫҚ СУ: ТҮСІНДІРМЕ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСУДА

Қала әкімдігі жанындағы жұмысшы топ көпқабатты тұрғын үйлерді аралап, тұрғындарға пәтершілік ыстық су құбыры тартылатыны жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізуде.

Жұмысшы топ өкілдері «Астана-1», «Сырдария», «Шұғыла» шағын аудандары, «Сол жағалау», «Сәулет» тұрғын аударына және Абай, Тәуелсіздік даңғылы, Панфилов, Скатков, Жетіс, Амангелді, Бөкейхан, Түлкібаев, Мұратбаев, Бектұрғанов, Әйтеке би, Бейбарыс сұлтан көшелерінде орналасқан тұрғын үйлерді аралап, тұрғындарды қолдау білдіруге әрі түсіндірме жұмыстарын кеңінен жүргізуге мүмкіндік беруге шақырды.

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ЖЕКЕ МӘСЕЛЕЛЕРІН ТЫҢДАДЫ

Аудан әкімі Аманжол Оңғарбаев кезектілік тәртібімен жазылған азаматтарды қабылдады.

Аудан басшысы барлық сауалды сала мамандары мұқият зерделеп, заңдылығына қарай шешім қабылданатынын жеткізді. Көтерілген мәселелердің оңтайлы шешілуін қадағалау үшін жауапты бөлім басшыларына нақты міндеттер жүктелді.

ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбеттің төрағалығымен аудандағы құрылыс саласы бойынша атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы міндеттер жөнінде мәжіліс өтті.

Аудан әкімі құрылыс жүріп жатқан әрбір нысанның сапалы әрі өз мерзімінде аяқталуы қажет екенін атап өтті. Бұған байланысты тиісті бөлім басшысы мен әрбір кент, қала және ауыл әкімдері өз аймақтарында жүргізіліп жатқан құрылыс жұмыстарын ұдайы бақылауда ұстап, ешқандай кемшілік орын алмау қажеттігін ескертті.

ЗИЯТКЕРЛІК САЙЫС

23 маусым – Мемлекеттік қызметшілердің кәсіби мерекесі қарсаңында «BastimeQuiz» интеллектуалдар сайысы өтті.

Білім додасына кент, ауылдық округ әкімдері мен бөлім басшылары және қызметкерлері, медицина мамандары, жалпы 29 мемлекеттік мекемеден 10 команда қатысты.

Қармақшы ауданынан бастау алған ойын мәресі облыстық ақтық сайысқа ұласады.

ШАҒЫН ФУТБОЛДАН ЖАРЫС ӨТТІ

Ауданның 85 жылдығына орай және Мемлекеттік қызметшілер мен Қазақстан полициясы күні қарсаңында мекемелер арасында шағын футболдан сайыс өтті.

Тартысты бәсекеге Жалағаш кенті және ауылдық округтерден, бөлімдер мен мекемелерден 8 команда қатысты.

ЕУРОҚОРШАУ ӨНДІРУДЕ

Аудан әкімі Берік Сәрменбаев Тереңөзек кентіндегі еуроқоршау материалдарын өндіретін шағын цех жұмысымен танысты.

Жеке кәсіпкер Шакизат Байділдаев өткен жылдан бастап өз қаражаты есебінен шағын цех ашып, әртүрлі еуроқоршау материалдарын өндіруді қолға алған. Бүгінде ол аудан халқының сұранысын қамтамасыз етуде.

Цехта тәулігіне 15-20 метр түрлі қоршаулар өндіріледі. Аудан басшысы мұндай инновациялық жобаларға қолдау көрсету қарсаңындағы әрі, кәсіпкерге мемлекеттік бағдарламалар арқылы кәсібін кеңейтуге мүмкіндік мол екенін жеткізді.

ЖАСЫЛ ЖЕЛЕККЕ АЙНАЛҒАН ЖАСТАР ОРТАЛЫҒЫ

Жастар орталығының жасыл желекке айналуына қолы қалт етсе гүл егіп, түрлі ағаш көшетін отырғызып, оны суарып, бабын жасайтын, су саласының үздігі Әлияр Сейітов ақсақалдың үлесі зор.

Себебі, мұндағы жастар былтыр ақсақалды орталыққа арнайы шақырып, мекеменің айналасын қалай көгалдандырудың тәсілдерін үйретуге қолға алған. Бүгінде «Көкшоқы» шағын ауданы Ә.Палымбетов көшесінде бойында орналасқан Жастар орталығының аумағында 480 түп ағаш, 10-нан астам гүлдің түрі жайқалып өсіп тұр.

АППАРАТ БАСШЫСЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Аудан әкімінің өкімімен аппарат басшысы лауазымына Рүстем Рәбілұлы Ибрагим тағайындалды.

Рүстем Ибрагим 1975 жылы Жаңақорған ауданы «Қызыл жұлдыз» ауылында дүниеге келген. Білімі жоғары. Еңбек жолын 1992 жылы «Билібай» кіші кәсіпорнында жұмысшы болып бастаған. 2021 жылдың 18 маусымынан Жаңақорған ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру-бақылау бөлімінің басшысы қызметтерін атқарып келеді.

Дайындаған
Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

/// ХАЛЫҚ ЖӘНЕ НАРЫҚ

ЗАҢҒА ӨЗГЕРІС ЕНДІ: ЖҰРТШЫЛЫҚ ҚАРЫЗ ҚАМЫТЫНАН ҚҰТЫЛА АЛА МА?

— Осындай уайыммен жүрген адамның қолынан ештеңе келмейді. Жұмысын да дұрыс істей алмайды, кітабын да оқи алмайды. Бәрін жартылай істейді. Себебі санасында 15-і күні кредитімді төлеуім керек деген ой мазалап тұрады. Ол адам ұйқыдан да, күлкіден де айырылады. Бұл адамдарды «өмір сүріп жатыр» деп толыққанды айтуға болмайды. Олар бір биологиялық ритмде жүрген сияқты — тұрады, тамағын ішеді, ұйықтайды. Көзінде ешқандай от жоқ...

Осы жағдайға оларды көп ретте бір сәттік эмоциялар алып келіп жатыр. Мысалы, «мына ақшаны бәрі алып жатыр ғой, мен де ала салайын, бірдене қылып қайтарармын» деп бір рет алады, екі рет алады. Қарыздың ішіне кіріп болды деген сөз ғой. Сондықтан, сізде қаржы ұйымына келіп, несие алуға қол қойып жатқан кезде бұл маған қандай қуаныш әкеледі деген ой тұруы тиіс, — дейді.

Қарызға батқандар үшін банкроттық рәсіміне өтініш беру тәртібі де жеңілдетілді. Енді ол үшін кредиторлар тізімін, мерзімі өткен берешекті реттеу және өндіріп алу рәсімдерінің жүргізілгенін растайтын құжаттың көшірмесін беру талап етілмейді. Мұндай деректер кредиттік бюродан сұратылады. Ал кредиторлар оған тиісті мәліметті жіберуге тиіс.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің мәліметінше, 2024 жылдың I сәуіріндегі жағдай бойынша тұтынушылық қарыздардың жалпы сомасы 14,2 трлн теңгені құрайды. Оның ішінде 90 күннен кешіктірілген несиелердің саны 1,6 трлн теңге, бұл — 12 пайыз. Тұтынушылық несие алушылардың саны 8,4 млн адам. Оның 1,5 млн-ы несие төлемін 90 күннен кешіктірген.

Елімізде алаяқтардың құрбанына айналғандар көбеюде. Ең өкініштісі, әккілердің айласы да өзгеріп отырады. Мәселен бұрынғыда ұялы телефонға құпия сандар жіберіп, банктегі ақшанызды суырып алатын болса, қазір телефонның iCloud біліп алып, өзіңізді бопсалайды. Жаңа заң бойынша алаяқтық әрекеттерге жол бермеу жағы да қарастырылған. Онлайн қарыздар бойынша міндетті түрде биометриялық сәйкестендіру енгізілген. Бұған дейін кредиттік бюрода азаматтардың несие алудан ерікті түрде бас тартқаны туралы мәлімет болған жағдайда қарыз беруге тыйым салынған еді. Осы заңда аталған тыйымды бұза отырып берілген қарыздар бойынша берешекті қаржы институттары кешіру талабы енгізілді. Аталған тыйымның ломбардтар берген микрокредиттерге қатысы жоқ. Алаяқтардың ықпалымен рәсімделгенін дәлелдейтін сот актілері бар берешектер заң қолданысқа енгізілген күннен бастап кешіріледі.

Сонымен қатар заң арнайы электронды сауда алаңын құру арқылы банктер мен микроқаржы ұйымдарының активтерін сату механизмдерін жетілдіреді.

Қаржы мамандары заңға қандай өзгерістер мен толықтырулар енгізсе де, ең алдымен несиені алар кезде әр адам ойланп, нақты қажеттілігіне қарай алу керегін ескертеді. Экономист Мақсат Халық несие төлемі отбасы бюджетінің 20%-нан аспауы тиіс дейді.

— Өлемдік тәжірибеге қарайтын болсақ, несиенің көлемі отбасы бюджетінің 20%-ын ғана құрайды екен. Демек, олардың еңбекқасқысы да жоғары деген сөз. Үйінің несиесін төлеп отырса да, әрі кеткенде табысының 20%-ын ғана жұмсайды. Ал азық-түлікке 10-12% ғана кетеді. Қалған ақшасына өз-өзін дамытады, балаларын оқытады, саяхаттайды, қор жинайды. Жалпы, Америкада болсын, Еуропада болсын, несие төлеуге керісінше, ынталандырады. Оларға дебиоттік карта ұсынасаң, кредиттік карта бер дейді. Кредиттік картамен төлеу тиімдірек және соған ынталандырып қойған. Себебі оның пайызы, мысалы 2%, 3% немесе 4%. Оны қайтару да ауыртпалық салмайды. Сол себепті адамдар қиналмай несие ала береді. Ал біздегі үлкен мәселе — несие пайызының жоғары болуында. 56%-бен халықты кредиттеу жақсылыққа әкелмейді. Оның салдарын бүгін де көріп отырмыз. Өйткені азаматтар жоғары пайызбен несие алғандықтан оны төлеуге табысы жетпейді. Амалсыздан несие үстіне несие алуға тырысады, қарызға кірмесіне амалы қалмайды, соңында өзін банкрот деп жариялайтындай дәрежеге жетеді. Несие алуға келгенде азаматтар қиналып, көңіл-күйі түсіп жүреді. Неге? Өйткені алған айлығын сол несиеге жұмсауға тура келіп тұр. Сондықтан оның пайызын төмендетуге көңіл бөлу керек, — дейді маман.

Қалай десек те, бізге қаржылық сауаттылықты арттыру қажет. Тіпті оны мектеп қабырғасында арнайы пән ретінде енгізіп, бала кезден өз бюджетін есептей білуді үйрету керек секілді. «Есеп білгеннің есебі түгел» деп бекерге айтпаған болар ата-бабамыз.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

/// БРИФИНГ

ЖАҢА ҮЛГІДЕГІ ТӨЛҚҰЖАТ БЕРІЛЕ БАСТАДЫ

15 маусымнан ҚР ІІМ Қазақстан Республикасы азаматының жаңа үлгідегі жеке куәлігін беруді бастады.

Жаңа үлгідегі құжатта жеке куәлік иесінің азаматтығы мен жынысы туралы деректер көрсетіледі. Бұрын бұл мәліметтер жеке куәлікке салынған чипте болған.

— Қазақстан Республикасының азаматы жеке куәлігінің беткі жағында иесінің фотобейнесі, қолы және дербес деректері: тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні, жынысы және жеке сәйкестендіру нөмірі орналасады. Жеке куәліктің жаңа дизайны бюджеттен шығын талап етпейді



және азаматтардың жаңа құжаттарды шығару үшін төлейтін мемлекеттік баж мөлшеріне әсер етпейді, — дейді облыстық көші-

кон қызметі басқармасы басшысының орынбасары Сағындық Камитбеков. Ал жарамдылық мерзімі аяқ-

талмаған жеке куәліктер бұдан әрі де жарамды болады. Қазақстандықтар жаңа дизайндағы жеке куәлікті тек алдыңғының мерзімі аяқталған кезде немесе оларды басқа да себептермен ауыстыру кезінде ала алады. Демек жаппай құжат ауыстырылмайды.

Айта кету керек, жеделдік санатымен құжаттарды алудың бағасы өзгермейді. Төлқұжатты алуға жеңілдіктер камелетке толмағандарға қарастырылған, 16 жасқа дейінгілер 14768 теңге төлейді, 16 жастан бастап жалпы тәртіппен төлқұжат беріледі.

Мейрамғұл
ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы»

/// ӨРКЕН

СОЛ ЖАҒАЛАУ: КӨНЕ ШАҒАЛАУДЫҢ ЖАҢА ДӘУІРІ

Біздің облыста дарияның арғы бетін астананың үлгісінде кешенді түрде игеріп, дамыту 7-8 жыл бұрын бас жоспарға сәйкес басталған болатын. Оның алғашқы кезеңі 2017-2020 жылдар аралығы болып белгіленді. Сол жағалауға тыңнан түрен салуға жетелеген тағы бір жайт — тұрғындар санының және урбанизация деңгейінің өсуі. Жаңа қаланың іргетасын қалау бағытындағы жұмыс мерзімінен бұрын басталды. 2016 жылдың өзінде Сырдария өзенінің қос жағалауын байланыстыратын көпір қолданысқа берілді. Бас жоспарда аталған аймақтың 1532 гектарын игеру көзделген. Негізінен сол жағалаудағы аумақ 15 ауданнан құралады. Оның ішінде тұрғындарға арналған, индустриалдық аудандар, ірі саябақ пен жасыл желекті аймақтар бар.

Қазіргі күні сол жағалаудың ауқымы кеңейіп, әртүрлі құрылыс нысандары көбейіп келеді. Дегенмен, алғаш (2018 жылы) бой көтерген нысан — Қазақ орталық атқару комитеті ғимаратының үлгісі негізінде салынған қалалық музей. 1925 жылы осы нысанда «қазак» деген тарихи атауды қайтару туралы қаулы қабылданған болатын. Осылайша еліміз «қырғыз-қайсақ» атауынан құтылып, Алаш зиялылары мен ардақтыларының арманы орындалды. Алайда, тарихи нысан баяғыда бұзылып кетті. Жергілікті ғалымдар кейін оның сызбасын архивтен тауып, бұл тарихи шешім қабылданған орынды қайтадан бірдей үлгіде салып шығуға мүмкіндік берді.

Одан бері талай нәрсе өзгерді. Өзгергенді көз көрді. Жаңа қалада қыз-қыз қайнаған тірлік бір толастаған емес. Облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының мәліметіне сүйенсек, қазіргі таңда мұнда жергілікті



Суреттерді түсірген Н.Идрисов

күтіліп отыр. Жобалық құны 2,5 миллиард теңге болатын құрылыстың бас жобалаушысы — «Крез-тару туралы қаулы қабылданған болатын. Осылайша еліміз «қырғыз-қайсақ» атауынан құтылып, Алаш зиялылары мен ардақтыларының арманы орындалды. Алайда, тарихи нысан баяғыда бұзылып кетті. Жергілікті ғалымдар кейін оның сызбасын архивтен тауып, бұл тарихи шешім қабылданған орынды қайтадан бірдей үлгіде салып шығуға мүмкіндік берді.

Мердігер компанияның атқарушы директоры Жоламан Спановтың айтуынша, жоба барысында қолданылған құрылыс заттарының 90 пайызы — қазақстандық өнім.

— Мәселен, тас, қиыршық тас, шақпа тас, цемент, кірпіш, жабынды плиталар — жергілікті зауыттардан. Ал арматура сияқты кейбір өнім түрлері өзімізде өндірілмейді. Сол себепті сырттан тапсырыспен алдыруға тура келеді, — дейді ол.

Ал бір жыл бұрын заманауи үлгідегі жаңа білім ордасы —

дарынды балаларға арналған физика-математика бағытындағы мектеп-интернат ғимаратының іргетасы қаланды. Бүгінде құрылысшылар өздеріне сеніп тапсырылған жұмысты аяқтауға күш салып жатыр.

Дарияның арғы бетінде тұрғын үйлер көптеп салынды және құрылыс жұмысы әлі жалғасуда.

Қалалық құрылыс бөлімінің басшысы Жеңісбек Файзуллаевтың айтуына қарағанда, Сырдария өзенінің сол жағалауында қазіргі уақытта кредиттік 470 пәтерлі 5 қабатты 10 және 504 пәтерлі 7 қабатты 6 тұрғын үйдің, тұрмыстық ахуалы төмен отбасыларды пәтермен қамтамасыз ету мақсатында 1154 пәтердің құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізіліп жатыр.

— Осы жылдың шілде айында тұрғындарға Сырдария өзенінің «Сол жағалау-2» шағын ауданындағы ипотекалық 470 пәтердің кілті табысталады. Ал қараша айында 504 пәтерлі 7 қабатты 6 тұрғын үй пайдалануға берілуі тиіс. Осал топтағы отбасыларға арналған пәтерлерді сатып алу 2024 жылдың желтоқсан айына жоспарланып отыр, — деді бөлім басшысы.

Кезінде адам тұрады деп ойламаған, шаңы бұрқырап аспанға көтеріліп жататын арғы бет қазір өзіне бір қалаға айналды. Ондағы тұрғындар үй-жайлардың көз ілеспес жылдамдықпен салынып, айналасының азғантай уақыт аралығында адам танымастай кейіпке енгеніне куә.

Қала тұрғыны Нәзира Талғатқызының отбасымен сол жағалауға қоныстанғанына 3 жарым жылдың жүзі болды. Қаншама жас отбасы үшін баспана мәселесі бас ауыртар жайт екені белгілі. Ал кейіпкеріміздің айы оңынан туып, осында тұру бақыты бұйырды.

— Бүгінде сол жағалау күн санап көркейіп келеді. Онда түрлі құрылыс жұмыстары жүргізіліп, 7 қабаттан тұратын зәулім үйлер мен жаңа автовокзал салынды. Жақында стадионның іргетасы қаланды. Сонымен қатар қоғалдандыру және көркейту мақсатында ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр. Осылайша сол жағалау қаламыздың көрікті жеріне айналып үлгерді. Әрине, мұның барлығы аймақ басшылығының қолдауымен жүзеге асып отыр, — дейді Нәзира Талғатқызы.

Сол жағалауда құрылыстың қызуы көпке дейін басылмайды, ол енді түсінікті. Облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы қазіргі уақытта «Қызылорда арена», қалалық емхана мен облыстық полиция департаментінің жедел басқару орталығы ғимаратының құрылысы жобасының жоба-сметалық құжаты әзірленіп жатқанын жеткізді. Бұл тізім айлар-жылдармен бірге жалғасатыны анық. Ендеше, сол жағалау әлі де асқақтай түседі, құлпыра түседі деген сөз.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»



бірнеше компания маңызды әлеуметтік нысандар салып жатыр.

— Оның ішінде жатақханасымен қоса физика-математика бағытындағы мектеп-интернат, музыкалық колледж, республикалық көпфункционал спорт орталығы, оқушылар сарайы, үстел теннис орталығы, 7 мың орынға арналған стадион мен 900 орындық мектеп бар, — деді басқарманың құрылыс бөлімінің маманы Әділбек Ысқақов.

Көп ұзамай облыстағы бірегей медициналық нысан — Қан орталығы халық игілігіне беріледі деп



Алла аманатын аркалаган әулие

Арал қаласынан өткен соң күре жолмен оңтүстікке қарай 80 шақырымдай жүргенде, оң жақта Ақирек тауы мұнарта көрінеді. Жергілікті жұрт тау атағанымен, биік жота деуге лайық сол Ақиректің бөктерінде Түркістан сопыларының пірі, атақты Арыстан бабтың бейіті бар. Бір ғажабы, арнайы тағайындалған шырақшылар әулеті әулиенің басын ерте замандардан бері күзетіп келеді. Сірә, Арал маңы халқының қысылған сәттерінде:


– Мәдинада Мұхаммед,
Түркістанда Қожа Ахмет,
Маңғыстауда пір Бекет,
Ақиректе Арыстан баб,
Аталарым, жәрдем ет!

– деп келетін бата-тілектерінде де аты аңызға айналған әулиенің есімі бекер аталмаса керек-ті. Десе де, бұрын естімеген кісілер бұл мәліметке бірден сене қоймасы анық. Өйткені, көпшілік Арыстан баб мазарының Түркістан облысындағы көне Отырар жерінде, Шәуілдір қыстағы жанында орналасқанын жақсы біледі.

Алайда, баспасөзде және әлеуметтік желілерде жарияланған әртүрлі дереккөздерде Арыстан бабтың мазары алты не жеті жерде бар екендігін мәлімдейді. Мысалы, 2017 жылы сәуірде STAN.KZ сайтында жарық көрген Назарбек Байжігітовтің «Арыстан бабтың мазары еврей елінде де бар» атты мақаласында «олардың біріншісі – Отырар ауданында, екіншісі – Қырғызстанның Базарқорған ауданында, үшіншісі – Бағдал қаласынан бірнеше шақырым қашықтағы Маданинде, төртіншісі – Мәдинада, бесіншісі – Израильде» деп жазады. Арыстан баб әулиенің мәңгілік мекені жайындағы аңыздар Арал маңы тұрғындарының арасына да кең тараған. Qazaly.kz ақпараттық агенттігі сайтында (11 маусым, 2019 жыл) жарық көрген мақаласында қазалылық журналисты Есет Табынбаев өзі жазып алған ел аңыздарын былайша тарқатады: «Арыстан баб өмірден өткенде әлемнің түкпір-түкпірінен адам келіп, оның мәйітін өз еліне алып кеткішкі болып, талас туындайды. Ақыры ел бір мәмілеге келе алмайды. Сонан соң, Алланың құдіретімен мәйіт жеті мүрдеге айналады. Ел ішіндегі ақсақалдар «мүрдені жеті түйеге артып, басын бос қойып, қай жерге шөксе, сол жерге жерлендер» деп пәтуа шығарады. Сол жеті жайдың екеуі қазіргі Қазақстан жерінде екен. Бірі – барлығы білетін Түркістан облысындағы Шәуілдірде болса, екіншісі осы – Аралдың Ақирекіндегі бейіт». Автор Ақиректегі Арыстан баб зиратының басындағы шырақшы Жайық ақсақалмен жүргізілген сұхбатын баяндай отырып, әулиенің басқа да елдердегі кесенелері туралы тоқтатып өтеді. Білуімізше, бұл ақпараттардың түп-төркіні бір-бірінен онша алашақтамалы, керісінше толықтырып, мақұлдай түседі.

Бір назар аударатын мәселе, БАҚ-та жарияланған кейбір мақалаларда Арыстан бабтың прототипі ретінде Салман Фарси деген діни тұлғаның есімі жиі аталып жүр. Расында, хатқа түскен аңыздар мен көне қолжазба деректерінде Салман Фарси атты кісінің хазіреті (с.ғ.с.) Пайғамбарымыздың сахабаларының бірінен болғандығы айтылады және соған орай кейбір зерттеушілер оның есімін кейін Ахмет Йасауиге берілетін «аманат-құрма» оқиғасымен байланыстырады. Кейінгі кезде бұл пікірдің теріс екендігін дәлелдейтін тың тұжырымдар да пайда болды. Жана көзқарас жөнінде тарихшы, ғалым Мұхтар Қожа өзінің «Аңыз адам» журналына берген сұхбатында былайша сөз сабақтайды. Зерттеуші: «Салман Фарси – Мұхаммед Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) замандасы әрі сахабасы. Оның кабірі Ирак мемлекетінің Мадани қаласының маңында. Кабірінің басына тұрғызылған мавзолейі, мешіті бар. Осының өзі-ақ Арыстан баб пен Салман Фарсидің әр заманда өмір сүрген екі бөлек кісі екенін көрсетеді. Салман Фарси сопылық ағымның негізін қалаушылардың бірі ретінде барлық сопылық шайкыларға ұстаз есебінде болған. Осыдан барып, XII ғасырда ғұмыр кешкен Арыстан бабты VII ғасырдың қайраткері, ұлты парсы Салманмен шатастыру пайда болған» деп санайды («Жұлдыздар отбасы. Аңыз адам», 25.06.2014). Яғни автордың жазуынша Арыстан баб пен Салман Фарси екі дәуірде өмір сүрген екі бөлек тұлға.

Ел аузында Арыстан бабтың кереметке толы өмірі, оның



хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) Пайғамбарымыздың аманатын Қожа Ахмет Йасауиге жеткізгендігі жайында бірнеше аңыз сақталған. Мысалы, солардың бірінде былайша әңгімеленеді: Хазіреті Пайғамбарымыз өзінің Миграж сапарында ғаршының бір сатысында Қожа Ахметтің бейнесін көреді. Кейін бір мәжілісте сахабаларына болашақта Түркістан өлкесіне дін таратушы осы бала болатынын айтады. Оған деген аманат құрманы 500 жылдан соң кім жеткізетінін сұрағанда олардың ешқайсысы үндемейді. Сол уақытта Арыстан баб деген карт сахаба орнынан тұрып, «рұқсат болса, мен жеткізейін» депті-мыс.

Арада көп заман өтеді. Алланың құдіретімен ұзақ өмір сүрген Арыстан баб Сайрам шаһарына келіп, Ахметтің үйін іздеп табады. Әулие әке-шешесі Ибраһим шейх пен Қарашаш анаға балаларының болашақта үлкен дін иесі болатынын айтып, оған ұстаздық етуге рұқсат сұрайды. Бұл кезде жеті жасар Ахмет далада балалармен ойнап жүреді. Өзін іздеп келген Арыстан баб әулиені таныған Ахмет: «Ата, аманатымыз беріңіз», – дейді. Әулие аузын ашқан кезде құрма зып беріп баланың аузына еніп кетеді. Арыстан баб баланы сынамақ үшін: «Құрмалдан маған да қалдырмайсың ба?» дегенде, Ахмет: «Ата, сіз құрманың маңызын жеп, маған сүйегін ғана қалдырыпсыз», – деп жауап береді. Көне заманнан жеткен аңыздың бар оқиғасы осымен бітеді. Бұл сюжет әрқилы аңыздарда аз-кем құбылғанымен, олардың ешбіреуі оқиға өзгегінен алыстай қоймаған.

Аталған аңыз Қожа Ахмет Йасауидің сирек қорларда сақталған ескі қолжазба мұралары мен әр жылдары жарық көрген «Хикмет» жинақтарында да көрініс тапқаны мәлім. Мысалы, қазақ тілінде алғаш жеке кітап (1993) ретінде шыққан түркі шайырының 2-хикметінде мынадай жыр жолдары ұшырайды:

– Иә, достар, құлағың сал осы кепке,

Сол себептен алпыс үште кірдім жерге.

Мигражда Хак Мұстафа рухымды көрді,

Сол себептен алпыс үште кірдім жерге.

Жеті жаста Арыстан бабам ізден тапты,

Әр сырдымды көрген сайын бүркеп жапты.

«Бихамдиллаһи» көрдім деп ізімді өпті,

Сол себептен алпыс үште кірдім жерге.

Әзірейіл кеп Арыстан бабам жанын алды,

Хорлар келіп торғын тоннан кебін қылды.

Жетпіс мың періштелер жиылып келді,

Сол себептен алпыс үште кірдім жерге... (22-бет)

Ал Арыстан баб әулиенің Түркістанға келіп, Йасауиге «аманат құрмасын» тапсырған сәті 2000 жылы Тегеран шаһарында «Әл-Хұда» баспасынан жарық көрген «Диуани Хикмет» кітабында төмендегіше сипатталады:

«Аузыңды ашқын, – деді ол, – аманатың берейін,

Дәмін алып жұтпадым, аш, аузыңды, салайын.

Хақ Расулдың бұйрығын үмбет болсам, қылайын».

Арыстан бабам сөздерін тыңдасаныз, тәбарік.

Аузымды аштым мен-дағы, салған құрма қылды мас,

Екі дүниені кешіп мен тек қана болдым хақ параст.

Қожа, молда жиылды, алып жүрді қолымнан,

Арыстан бабам сөздерін тыңдасаныз, тәбарік.

Бабам айтты: «Ей, балам, қылмасаң да сен міндет, бес жүз жылдан кем емес, саған сақтан едім, – деп, – Дәмін өзін аларсың, маған сүйек берерсің».

Арыстан бабам сөздерін тыңдасаныз, тәбарік.

(112-113 беттер)

Әдетте, Орта Азия жерінде кең тараған көне аңыз-әңгімелерде Арыстан баб хазіреті Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) замандасы әрі сахабаларының бірі болғандығы және 400 немесе 500 жыл аралығында ұзақ өмір сүргені айтылады. Әйтсе де, тарихшы Мұхтар Қожаның жоғарыдағы сұхбатында түркістандық әулиенің ұзақ өмір сүруіне қатысты өзгеше ұстанымын ұшыратамыз: «Бұл мұсылманндықтың сопылық ағымындағы әрбір белгілі шайкының Мұхаммедпен (с.ғ.с.) байланысын көрсететін «силсилеге» ұқсайды. Арабтың «силсиле» сөзінің мағынасы – «шыңжыр».

Ол – нақты бір шайкыға Мұхаммедтің (с.ғ.с.) ілімі, сөзі кімдер арқылы, қандай дін иелерінің айтуымен жеткенін көрсететін тізім» (М.Қожа: «Жұлдыздар отбасы. Аңыз адам», 25.06.2014). Әрине, бұл пікірдің де жаны бар. Йасауи өмірін біршама зерттеген ағылшын ғалымы Дж.Тринимингтің: «Ахмет Йасауи – барлық түркі сопыларының бабасы. Йасауи дәстүрі тала түркілік бағытта болды. Ол түркі шайкы Арыстан баб дүниесіне салғанша соның қолында тәлім-тәрбие алды, кейін Бұхараға аттанды» деп жазғаны жайдан-жай болмаса керек. Осындай деректерді француз ғалымы Ирене Меликоф, орыс зерттеушілері В.Бартольд, Ә.Диваев, И.Аничков, т.б. ғалымдардың жазбаларынан оқуға болады.

Шынында, «Арыстан баб кай ғасырда, қай дәуірде өмір сүрген адам?» деген күрделі сұрақ күн тәртібінен әлі түсе қойған жоқ. Дегенмен, қолда бар мәліметтерге сүйене отырып, атақты «Пір-Мұғанның» XI ғасырдың бегілерінде ғұмыр кешкен тарихи тұлға болғандығын топшылауға негіз бар. Бұл ойымызды академик В.Бартольдтің төмендегі пікірлері арқылы тұжырымдауға болар еді. «Бұл аңыздар бойынша, – дейді атақты түркітанушы, – Ахмет Йасауидің алдында оған жол ашушы түрік Арслан баба немесе Баб-Арслан (Түркістанда «баб» сөзі, арабша «қақпа», яғни исламды таратушыларды ерекшелеу үшін қолданылады. – В.Б.); Арсланның ұлы Мансұр ата бірінші халиф немесе Ахметтің мұридті болды. Ал Ахметтің өзі Мервте ұзақ жыл сопылық мектепті басқарып, 1140 жылы өмірден өткен парсы мистигі Йусуф Хамданидің үшінші халифті болған» (В.Бартольд: 1993, 108 б.).

Дәл осындай мәліметті 1884-1885 жылдары Түркістан өлкесіне саяхат жасаған белгілі шығыстанушы Николай Веселовский де жапыз қалдырғаны мәлім. Ғалымның Ресей мемлекеттік әдебиет және өнер архивінде қолжазба күйінде сақталған «Қазалыдан Ташкентке барар жолдағы ежелгі қалалар мен қирандылардың сипаттамасы» атты жолжазба еңбегінен төмендегідей деректі кезіктіреміз: «Жалпыға ортақ ислами білім алған соң ол (яғни Ахмет Йасауиді айттып отыр. – С.Қ.) барша мұсылман әлеміне кең тараған «Жахрия» бағытының басышы, сол кездері Түркістанда тұратын Арслан бабтың мұридті қатарына кіреді. Осы ұстазының мектебінде бірнеше жыл оқығаннан кейін Сұлтан Ахмет Алланың Арыстан бабқа жіберілген аяны бойынша діни сенімін бекіте түсу үшін сол уақытта Бұхарада шәкірт тәрбиелейтін [Йусуф] Хама-

данидің хұзырына аттанады». Байқайтынмыз, өткен ғасырлардағы көптеген зерттеушілердің Орта Азия көнекөздерінен жазып алған мәліметтері бір арнаға саяды. Бұл тұрғыдан алғанда, Арыстан баб әулиені 500 жасаған сахаба деп атағаннан гөрі Алла мен хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) Пайғамбардың рахым-шапағатына бөленген қасиетті адам, түрлі керемет-мұғжизалар көрсете алатын ерекше қабілет иесі ретінде таныған ләзім деп ойлаймыз.

Алланың нұры түскен әулеттер

Осыған орай, Қарахандар әулеті билеген X-XII ғасырларда Түркістан елдеріндегі хан-сұлтандардың «бура» және «арыстан» тотемдерін өз есімдеріне қосарлап жазу дәстүрі қалыптасқандығы еске түседі. Мысалы, 1999 жылы Ташкент маңынан табылған «Шежірелер жинағында» Қарахан мемлекетінің басқарған Қашқар және Түркістан аймағының хандарының атақтарын тарқатқан тарауша бар. Осындағы ел билеушілерінің қатарында Махмуд Арыслан хан, Құтлұғ Арыслан хан, Көк Арыслан ибн Ақ Арыслан ибн Ахмад хан, Арыслан хан ибн Мансур хан ибн Қылыш Қара хан, т.б. тұлғалардың аттары аталады. Тарихи еңбектерде Түркістан хандары ретінде Әли Арыслан, Қызыл Арыслан хандардың есімдері жиі ұшырасады. Көріп отырғанымыздай, барлығының дерлік есіміне «арыслан» лақабы қосарланған. Бір ғажабы, Ақ Арыслан мен Көк Арысланның шөберелері Мұхаммед Мәлік хан мен Абд әл-Халық хан Отырар өлкесін билегені жазылыты («Маджма' ал-ансаб уа-ла-ашджар»: 2005, с.197). Демек, бір замандары Отырар өлкесі билеушілерінің есімдеріне «Арыслан» титулының қосылып қазылуы дәстүрге айналғаны рас болса, шежіре бойынша шартты түрде олармен туыс болып келетін Түркістанның ең үлкен пірінің Арыстан баб атауы заңдылық сияқты. Ауыспалы мағынасында Арыстан баб, яғни «Ұлық адам» немесе ислам дінінің Түркістандағы «Ұлкен қақпасы» деген ұғымды ишаралайтын ангару қиын емес.

Айтпайын дегеніміз, бірақтар ортаазиялық шежірелерде қарахандық билеушілердің тегін жоқалар тәрізді хазіреті Әли әулеттерімен байланыстырады. Жоғарыда аталған «Шежірелер жинағында» Арыслан ханның арғы аталары Мұхаммед-Ханафия ибн Әлиге барып тіреледі. Олардан тарайтын Абд ар-Рахим ибн Абд ал-Қаххар ибн Абд ал-Жаббар ибн Абд ал-Фаттах сынды аталардың бір тармағы, хазіреті Құл Қожа Ахмет Йасауидің арғы бабасы Ысхақ бабпен туыстығын көрміз. Тіпті Арыстан бабтың тегі жөнінде сирек кездесетін шежірелік мәліметтер де Түркістан пірлерінің ағайындығын анық еместігін аңғартады. Асылында, өткен ғасырлардағы шежірешілер түркі руларының шежіресін Өнес сахабадан таратқандары сияқты, түркі қағандарының тегін хазіреті Пайғамбар әулетімен байланыстыруға барынша тырысқаны анық. Осы себептен, кезіндегі көне Оғыз хан ұрпақтары шежіресінің де бұрмаланған нұсқалары кездесіп жүр. Өзіршіне, Түркістан аймақтарына дін таратушы ілкі әулие, ұлық бабтар мен атақты пірлердің ұлты араба па, әлде түрік пе деген сауалдың басы ашық қала беретіндей...

Ілгерідегі Абд ал-Қадир ибн

Мұхаммед-Әмин тарапынан түзілген «Шежірелер жинағының» 195-бетінде Ахмет Йасауидің шәкірті әрі досы саналатын Зенгі атаның шежіресі былайша таратылады: «Хазірет Зенгі ата ибн Тәдж ходжа ибн Абд ал-Мәлік ходжа ибн Мансұр ата ибн Арыслан баб ибн Мұхаммед ибн Әли (р.а.ғ.)». Бұл шежіреге қарап отырарлық әулие Арыстан баб пен оның даңқты мұридін Әзірет Сұлтаннның түп аталары бір екендігін байқауға болады. Алайда мұнда Әлидің немересі ретінде көрсетілген Арыстан бабты хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) Пайғамбармен замандас сахабаларының бірі болған деуге негіз жоқ. Былайша айтқанда, аталған шежірелік нұсқа бойынша Түркістан пірі жас мөлшерімен есептегенде Расул Аллаға шөбере деңгейінде ғана көрінеді. Тіптен, кейбір діни аңыздарда Арыстан бабтың прототипі делінетін Салман Фарсидің жасы Мұхаммед (с.ғ.с.) Пайғам-

бар аударайық:

«Пайғамбарымыз Мигражда (көкке) шығып бара жатып, үш адамның ұрқын (жанын) көріп танданып:

– Бұл сәулетті ұрықтар кім болады? – деп жанындағы Жәбірейілден сұрапты-мыс. Жәбірейіл бұл сідің үмбеттеріңіз: 1) Имам ағзам, 2) Ғаусыл ағзам (Қожа-и Пауадын) 3) Қожа Ахмет Йасауилер депті-міс. Қожа Ахметке тапсырғайсың деп, пайғамбарымыз өлерінде Арыстан деген сахабасына бір құрма беріп кетті. Арыстан бес жүз пәлен жыл жасап, сол құрманы Әзіретке тапсырыпты... (Ж.Ай-мауытұлы: 1999, 274-б). Алаш қаламгері бұл аңызды өткен ғасырдың 20-жылдары Түркістандағы Йасауи кесенесін зиярат етуге арнайы барған сапарында жергілікті ишан, молдалардың аузынан жазып алған.

Осыған ұқсас діни аңыз-әңгімелер Қарахан әулетінің билеушісі хәм тұңғыш түркі-

мұсылман мемлекетінің негізін қалаушы Сатұқ Бура хан газы туралы көне қолжазба кітаптарда баяндалған. Әлем елдерінің кітапханаларында 30-ға жуық қолжазбалары сақталған «Тәзкіре-и Бұғра хан» атты қолжазба кітаптың бір нұсқасын 1858 жылы Шығыс Түркістанға жасаған сапары кезінде Ш.Уәлиханов тапқан болатын. Осы мақаланың авторы көне түркі тілінен қазқашаларға сол кітапта Сұлтан Сатұқ Бурахан газының ислам дініне кіруі жайында Алладан аян түскені, оны Жәбірейіл періштенің Мұхаммед (с.ғ.с.) Пайғамбарға хабарлағаны баяндалады.

Бұл оқиға жөнінде, көне заман шежірешісі: «Әзіреті Сұлтан бұл әлемге келместен бұрын неше жыл ілгері оның рухын Миграж түні Хақ тағала әзіреті Расул Аллаға пайғамбарлардың (с.ғ.с.) рухының қатарында көрсетті. Әзіреті Пайғамбар (с.ғ.с.) бұл хош хабарды естіп, қатты қуанды. Құдайға шүкір, Түркістан жақтан көңіліміз тыныш тапты. Өйткені, көнілімде ылғи да Түркістан жағы мұсылман болмай, иманның доулетінен нәсіпсіз қала ма деген уайым бар еді. Әрі ертеңгі қиямет күні Түркістан тарапындағы үмметіміз халі қалай болар екен деп қатты абыржытатын-ды. Енді әзіреті Сұлтан Сатұқ Бұғрахан газының тәрбиесіне кірісті. Күнде әзіреті Сұлтан рухына үзбестен бір рет фатиха оқытын. Сахабалары «Әмин» дейтін. Бірақ кімнің рухына арнап фатиха оқытынын білген жоқ», – деп жазады.

Бұдан соң бір күні Мағаз Жабал (р.а.ғ.) деген сахаба Алла Елшісінен оның кімнің рухына фатиха оқып жүргенін сұрайды. Хазіреті Пайғамбар (с.ғ.с.) сахабаларға болашақта Түркістан халқын мұсылман қылушы үмметінің рухын көргені туралы әңгімелеп береді. Сонда хазіреті Мағаз Жабал орнынан тұрып: «Ей, Алланың Елшісі, сідің Пайғамбар екеніңді рас. Хақ дұғаныз қабыл болып, дүние және ақиретте Құдай Тағала Сіз үшін мейіріп жаудырап екен. Бір дұға қылыңыз, «әумин» десек, Құдай Тағала әзіреті Сұлтаннның пәк рухын осы жерге даяр қыла, біз де көзімізбен көре ала едік. Әзіреті Сұлтаннның бұл жаһан көркіне көз жеткізіп, содан барып Түркістан тарапынан көңіліміз тыныш болар еді», – деп арыз қылады («Тәзкіре-и Бұғра хан»: 2007, 54-бет). Алланың сүйікті Елшісі сахабаларының өтінішімен әлі дүниеге келмеген Сатұқ Бура хан Газыны және оның қырық жігітін көз алдарына келтіреді. Астарына тұлпар ат мініп, үстеріне сауыт пен салтанатты киім киген қарулы азаматтарды көрген сахабалар қатты разы болады. Пайғамбар (с.ғ.с.) фатиха оқып, рұқсат берген соң әзіреті Сұлтан Сатұқ пен оның қырық жігіті көзден ғайып болады.

Алланың елшісі сол жерде: «Қырық кісінің бірінші аты – Хожа Әбу Нәсір Самани осы әлемде бар болды. Дүниеуи ғылым оқып, әзіреті Сұлтаннның рухына иманды, Құранды үйретіп жүр және мұнда да жолдас болып жүр екен, ақыры бұл ғаламға келгенде де әзіреті Сұлтан осы Хожа Әбу Нәсір Самани иманға кіргізеді, – деді.

Сол мезет сахабалар тарих қылды (уақытты есептеді) – С.Қ.):

«Ол көптеген ұстаздардың қызметінде болды. Оның соңғы ұстазы (яғни, пірі – С.Қ.) оған рұқсат берерде былай деді:

– Осы күнге дейін Хазіреті Пайғамбарымыздан (Оған Алланың рахметі мен сәлемі болғай!) оған аманат бергендерде былай деді:

«Арыстан баба Пайғамбарымыздан (Оған Алланың рахметі мен сәлемі болғай!) қалай жеткізілді (ілім), сол ізбен мен сені осы силсиледегі таңдаулылар қатарына қосамын және рұқсатымды беремін.

Сонда оның шәкірттері арасында «мына түрік қалайша бақ-берекенің иесі бола қалды?» деген наразылық туындады. Хазірет Шейх жауап берді:

– Бұл түрік – әулиелердің жетекшісі. Егер кімде-кімді Хазіреті Пайғамбардың (с.ғ.с.) өзі тәрбиелеген болса, ол қалайша байлыққа ие болмасын? (Орта Азиядағы киелі шежірелер және исламдану үдерісі: 2008, 229-бет)

Жоғарыдағы сұхбатқа тереңірек үңілсек, Ахмет Йасауиге Алла ілімінің жетіу аңызды айтылатындай сонау VII ғасырда өмір сүрген Расул Алланың сахабасы арқылы тікелей емес, сопылық және Құдай тағаланың қалауымен мұғжиза арқылы жеткенін сезінуге болады. Біздің ойымызша, Салман Фарси сахаба немесе Арыстан баб әулие болсын, олардың қайсыбірі 500 жыл жасап, «аманат-құрма» бала Ахметке алып келді деген мәлімет – жай ғана аңыз! Ең азбалы, Арыстан бабтың жақ Ахметке ұстаздық жасауы Алланың өмірімен, Жәбірейіл періштенің Хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) арқылы аян беруімен жүзеге асқаны аңғарылады. Бұл құбылыс бірқатар діни аңыздарда ғана емес, кейбір хадистерде де көрініс тапқаны мәлім. Мысалы, Хазірет Сұлтан Ахмет Йасауи жайындағы мына бір аңызға на-

«Әзіреті Пайғамбар дүниеден өткесін үш жүз отыз жыл өткеннен кейін Түркістаннан әзіреті Сұлтан Сатұқ Бұғра хан атты бір қадірменді зат дүниеге келіп, он екі жасында иманға кіріп, көптеген халықты мұсылман қылып, газылық сипатқа да ие болады» деген. Одан әрі діни әпсана мына деректі баяндайды: «Сол жерде пайғамбар (с.ғ.с.) тағы да: «Әуәл мән әслама мин әт-түрки әл-муттакин» деген еді, яғни бұл хадистің мағынасы: «Түркістан тарапында әзіреті Сұлтан Сатұқ Бұғра хан газы бірінші мұсылман болар», – депті.

Сондай-ақ Құдай тағаланың әмірімен біраздан кейін әзіреті Хожа Әбу Нәсір Самани бұл әлемде бар болып, дүниеуи ғылым оқып жүріп: «Түріктен кім бірінші мұсылман болды?» деген хадисті көрді. Ол әзіреті Сұлтан қандай екен деп сырттай ғашық болды. Тарихқа қараса, әзіреті Сұлтанның дүниеге ке-

Шектілердің Сырдың төменгі жағалауына қоныс аудару оқиғалары «Алпамыс батыр», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» эпостарында да көрініс береді. Аталған екі жырдың бірінде шекті Сарыбай немесе Байсарының Байбөріге өкпелеп, көшіп кетуі немесе Сарыбайдың анда жүріп қаза тапқан оқиғасы эпос нұсқаларындағы басты мотив саналады. Айтқандай, Арал қазактары «сары» сөзін әлі күнгеше «шигіл» немесе «шикіл сары» деп қолданып келеді. Эпостағы Байсары мен Әлім-Шектінің ағасы Байсарының арасында тарихи-фольклорлық тұрғыдан көп ұқсастық байқалады. Ол жөнінде Ә.Қоңыратбаев, Ә.Марғұлан сынды белгілі ғалымдардың еңбектерінде аздап сөз етілген. Белгісіз себептермен, шектілердің бұдан кейінгі тұрақты қонысы Косөзен аралығына – Әму мен Сыр жағалауына біржолата ауысады. Академик В.Бартольдтің Орта

Сұлтан Үмі мен Бегім ана аңызы

Сопы-дәруіштердің Түркістаннан Арал төңірегіне, Хорезмге және Маңғыстау өлкесіне қоныс аудару үдерісі бірнеше ғасыр бойы жалғасқаны тарихи деректерден де аңғарылады. Зар заманның көрнекті ақыны Мұрат Мөңкеұлының өлеңінде «Үш қиян» атты толғауында: – Маңғыстаудың үш түбек, Үш жүз алпыс әулие Бес намаздың жайы үшін Қадампап аяқ басқан жер... – деп бекер айтылмаса керек. Ежелгі Маңғыстау өңірінің әр тұсынан Қараман ата, Сұлтан Үмі ата, Оғланды ата, Шопан ата, Масат ата, Шаппак ата, Бекет ата, Сейсем ата, Қошқар ата, Жылаған ата сынды көптеген сопы-әулиелердің көрнекті кесенелері мен көне жерасты мешіттерін кездестіруге болады. Осы ондаған тақуалардың қай-

Біл бұларды, қараңғылық басты тұман, Бізге азап қылды бүгін қадірі ауған.

Кәпір жығып алып, шықты шадыман, Мұсылмандар ойбай салып қалды, көргін... (Қ.Йасауи: 2000, 118-бет)

Ақырзаман сарыны Қорқыт атадан қалғаны мәлім. Одан әрі Ахмет Йасауи, Сүлеймен Бақырғани, Асан қайғы, Бұқар жырау, Мөңке би, Шортанбай, Мұрат ақындарға шейін жалғасқан дәстүрлі мотивке айналды. Зерттеушілер жазып жүргендей, ақырзаман мотивінің жанғыруына басты себеп – ел басына ауыр күндер туып, сырт басқыншылардың үстемдік құруы, ұлыстың бірлігі қашып, дін азып, жалпы халықтың көп қиындық көріп, нәубетке ұшырауы. Нақтырақ айтқанда, оғыз-қыпшақ ұлыстарының ыдырауы, қарақайтй шабуылы, ноғайлы-қазақ айрылысуы, ақ-

тар, тас плиталар көлденеінінен немесе тігінен тұрғызыла қаланған қоршаулар, әртүрлі пішіндегі қабірусті құрылыстары сақталған. Сұлтан үмі сайы мен құдығы да назар аударарлықтай. Жардан 6 метр жерден ойып салынған Сұлтан үмі құдығының таза, салқын және өте дәмді суы бар» деген мәлімет берілген. Кешеннің ар жағынан 3 шақырымдай жерде Каспийдің толқынды жағалауы көз тарталды (Абай-ақпарат (<https://abai.kz/post/179832>) қараша, 2013 жыл).

Мұнда сипатталған көріністер Ақиректегі Арыстан баб қонымына ұқсайды. Арал теңізі жағасындағы әулиенің басында да осы тектес көне тас молалар, ежелгі заманның ескі жәдігерлері кездеседі. Олардың арасында әр кездері Арыстан баб қабіріне жақын қойылған жергілікті марқұмдардың қатарында жерленген Бекмырза ханның зиратын ерекше атауға болады.

тақырып ретінде зерттеуге сұранып тұр. Айтқандай, Қарахандар дәуіріндегі «жылан шағу» мотивінің Бегім ана аңыздарында ғана емес, Бұра ханның (Қарахан әулие) қалыңдығы ретінде көпшілікке мәлім «Айша бибі оқиғасында» да ұшырайды. Тұжырымдай айтқанда, ежелгі Тараз бен көне Жанкент аңыздарын салыстыра отырып, Қарахан дәуірінің тарихында Арал маны шектілерінің де маңызды орын алатынына көз жеткіземіз. Бұл орайда Түркістан пірі, Отырар жерін мәңгілік мекен еткен атақты Арыстан баб әулиенің Арал жағалауындағы Ақирек биігінде де киелі ізі қалғандығына күмән келтірмейміз.

Ақиректе – Арыстан баб

Ақырғы бір мәселені Ақиректегі Арыстан баб ескерткішінің туристік маңызы бар маршруттардың қатарына енгізу жайынан қозғап көрейік. Жалпы Қызылорда облысында сонау ежелгі сақ дәуірінен тамыр тартатын байырғы өркениет ескерткіштері: асарлар, бекіністер, көне қалалар, әулиелер мен тарихи тұлғаларға қатысты киелі орындар мен кесенелер өте көп кездеседі. Облыстың оңтүстік бөлігінде кезінде Ақорда мен Қазақ хандығының астанасы атанған сырғалы Сығанақ шаһары, көне заманның көзіндей көрінетін Баршынкент, Өзгент, Сырлытам, Жеті Абыз, Хорасан ата бастаған ғажайып ескерткіштер орналасқан. Ал Сырдың төменгі ағысындағы Қармақшы жеріндегі Қорқыт ата кешені, Байқоңыр ғарыш алаңы, Сортөбе кенті, Марал ишан кесенесі, Қазалы өңіріндегі Жанкент қалашығы, Бегім ана мұнарасы, Қосымқожа, Сартай батыр, Толыбай батыр, Жанқожа батыр кесенелері, Арал ауданы аумағындағы Арыстан баб, Жетес би, Шірік Рабат, Кердері қалашығы, экологиялық апат естеліктері, т.б. маңызды мәдени ескерткіштерді қамтитын 3 аудандық ортақ туристік «Сапар орталығын» жасақтауға негіз болар еді. Бұл бағыттардың бастауында Ақиректегі әулие Арыстан баб кесенесі тұрғаны тіптен жарасымды.

Оның үстіне жоғарыда Арал теңізі маңындағы Арыстан баб мазаратын карт Каспий жағасындағы сопы-әулиелердің кесенелері орын тепкен киелі аймақтармен рухани-мәдени тұрғыдан байланыстыратын сакральді орталық ретінде танудың тарихи алғышарттары бар екендігі жанжақты айтылды. Осыған орай, Ақирек ауылдық округі жанынан Арыстан баб әулиеге арналған мәдени-мемориалдық кешен мен «Сапар орталығы» (Визит центр) салына деген ұсынысымыз бар. Болашақта бұл кешенді туристік орталық еліміздің оңтүстік өңіріндегі тарихи-мәдени мұра нысандары мен батыс аймақтардағы киелі әрі құнды ескерткіштер арасын байланыстыратын аралық бекет – алтын көпір қызметін атқарды деп үміттенеміз. «Арыстан бабқа түне, Қожа Ахметтен тіле» депті бабалар өсиеті. Әулиенің мазараты «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» күре жолынан бар-жоғы 10 шақырым жерде орналасқан. Аудан, округ орталығына жақын болуының үстіне, дәл жанында «Қамыстыбас» демалыс аймағы және туристер жиі келетін жағай да бар. Мұның бәрі Ақиректегі Арыстан баб кешенінің келешегін баянды ететін онтайлы факторлар десек, қателеспейміз. Олай болса, Арыстан баба ат шалдырып, Тұран жұртын имандылыққа үндеген әулиенің мәңгілік мекенін қайта жаңғыртып, келер ұрпақтың рухани сұранысын өтеудің реті келіп-ақ тұр.

P.S. Бүгіндері «Арыстан баб» кесенесі жергілікті маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіштер тізіміне енгізілген қала құрылысы әрі сәулеттік мұра санатына жатады. Осы жылдың сәуір айында Арал ауданының әкімі А.Оңғарбаевтың тікелей атсалысуымен, ардагерлер кеңесінің мүшелері, ерікті жастар мен мәдениет мекемелерінің бастамасымен «Арыстан баб» кесенесі аумағында тазарту және кешендегі ғимараттарды сылау, өктеу, сырлау жұмыстары жүргізілген. Аудан әкімінің айтуынша, жақын келешекте Ақиректегі Арыстан баб мазаратына жаңа тілеухана, қонақүй және автотұрақ салумен қатар, кешен айналасын абаттандыру жоспарланып, жобасы жасалған. Ендеше, Әзірет Сұлтанның ұлық ұстазы Түркістан пірінің «екінің бірі, егіздің сыңарындай» ескі кесенесін ерекше күтімге алып, еңселі орталыққа айналдыру бағытында ойға алған барлық істердің баянды болуын тілейміз.

Серікбай ҚОСАН,

түркітанушы, филология ғылымдарының кандидаты

АРЫСТАН БАБ КІМ?

луіне аз ғана уақыт қалыпты. Сүйіспеншілігі үстемдік құрып, Пайғамбардың (с.ғ.с.) рұқсатымен әзіреті Сұлтанға естіп, Түркістан жаққа сапар қылды», – дейді (Сонда, 55-бет). Әзіреті Сұлтан Сатұқ Бұра хан газы дүниеге келген күні қыс мезгілі болса да, күн жылынып, бұлақтардан сылдырап су ағып жатады. Дүние ғажайып бір тылсым күйге еніп тұрады. Қарап отырсаңыз, келешекте ислам дінінің қайраткері болатын түркі қағанының рухын 350 жыл бойы Алла тағаланың қалауымен, Жәбірейіл періште, хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) Пайғамбардың өзі қадағалап, тәлім-тәрбие беріп, желеп-жебеп жүреді. Аңыз бойынша Қызыр ата тарапынан жасалатын жәрдем мен діни жоралғылардың да өз үлесі барлығын айту ләзім.

Міне, дәл осы жағдай Арыстан баб пен Ахмет Йасауидің бастарында да өтеді, яғни аңызда айтылатындай Арыстан баб әулие 500 жыл өмір сүрмей-ақ, Алланың Елшісінен берілген аян арқылы бала Ахметті іздеп тауып, Хазіреті Пайғамбардың (с.ғ.с.) «аманатын» орындайды. Бәлкім, құрма дегеніміз «жыны», «ақыл-кене» ұғымын білдіретін сөз болуы да ықтимал. Ертедегі қазақ жырауларының толғауларында ұшырайтын «Жақсының көрдім құрмасын» деген жолдардың мағынасы соған саятыны анық.

Арыстан баб шектілердің пірі ме?

Ендігі бір маңызды мәселе, Арыстан баб әулиенің Арал теңізіне жақын Ақиректегі мазары жақында болмақ. Мақаланың басында жазылғандай, ел аңыздарында айтылғандай Арыстан бабтың мәйітін жүктеген жеті түйенің бірі осы Ақирек жотасына келіп шөгіпті-міс. Сірә, бұл аңыздың шындыққа қаншалықты жақындығын дәлелдеудің өзі оңайға түспейтіні анық. Алдымен, Түркістан өңірін мекендеген тақуа, тариқатшы қауым өкілдерінің Арал теңізі жағалауына келуінің қандай алғышарттары болды деген сауал төңірегінде әріден ой қозғағанды жөн көрдік.

Түркітанушылар қарахандықтардың негізін құраған ұлыс-тайпалардың қатарында тоғыз-оғыздардан тарайтын қарлұқ, йағма, шигил халықтарын атайды. Араб географы Гардизидің жазуына қарағанда X ғасырда Қашғар, Жетісу, Іле аймақтарында қарлұқ, йағма халықтары мекендесе, М.Қашғаридің «Түркі тілдері жинағында» тұхсылер мен шигилдер Шу, Ыстықкөл төңірегін жайлағаны жайында сөз болады. Осы арада шигил тайпасын ғалымдар кейінгі шеклі немесе шекті руларымен байланыстыратынын, ал шектілердің лақабы – жаманақ (шуманактан шыққан – С.К.) екенін ескерген жөн болар. Осы аттас ру аты Шу бойын жайлаған жалайыр тайпаларында да кездеседі. Шектілермен бірге Әлімұлы бірлестігіне енетін шөмекей (шумугун-шумен-шөмен), тайпасының көне атауы да осы Шу өзенімен қатысты деген болжам бар. Олардың ұранға айналған «дөйт» атасы қырғыз халқының құрамында ұшырайды.

Азия тарихына қатысты еңбектерінде осыған орай мынадай дерек келтіріледі:

«Содан бері ұмытылған «шигил» атауы XI ғасырда көпсанды түркі ұлыстарына қолданылды; Селжүк сұлтаны Мәлікшаһтың Мәуренаһрға жорығы туралы әңгімесінен біз қарахандықтардың әскери күштерін «шигилдер» деп атағанын білеміз; Махмұд Қашғаридың жазуынша оғыздар Әмудариядан Қытайға шейінгі барлық түріктерді шигилдер деп атады». Ғалым Тараз төңірегінде осы халықтың бір бөлігі қоныстанған Шигил атты шаһар да болғанын жазады. Кейін аталған қала Шыңғыс ханның ұлы Шағатайдің астанасы ретінде мәлім болған көрінеді (В.Бартольд: 1993, 58-бет).

Кейінгі дәуірлерде шекті рулары көп шоғырланған аймақ Әму-Сыр өзендерінің төменгі ағысы, Арал теңізі жағалаулары және Жем, Ырғыз өзендері мен Қарақұм қойнауы. Сырдарияның теңізге құяр сағасында ірілі-ұсақты он шақты көлдер жүйесі қалыптасқан. Қамыстыбас, Ақшатау, Қосжар, Ақбай, Аманөткел, Көкшөкөл, Жаркөл, Шөмішкөл, Мақпал сияқты көлдер теңіз жағалауы тұрғындарының, оның ішінде шектілердің де жанға жайлы жайлауы болған атақонысқа айналды. Осы өңірдің тумасы, математик ғалым, академик Алуидин Сыдықов Түркияның Измир қаласынан елді сағынып жазған мақаласында Арыстан баб әулие жатқан қасиетті Ақирек жотасын былайша сипаттайды:

«Мен туған өлке – Арал маңайы. Биік таулары, ну орманы жоқ, жазық дала. Жері тегіс болғандықтан әредік кездесетін тоқал төбелер мен аласа қырат, жоталар алыстан менмұндадайды. Жергілікті тұрғындар оларды тауға балайды. Соның бірі – Ақирек. Ол Қазалыдан Аралға бағыт ұстағанда Бекбауыл, Қамбаш теміржол бекеттерінен оңға қарай он шақырымдай жерден бой көрсетеді. Қазір оның іргесінде Ақбай ауылы бар. Ертеректе, Сырдария суы мол кезде Ақиректегі Көкшөкөл, Жаркөл және Ақбай көлдері қоршап жатады екен» (Толқун.КЗ ақпараттық агенттігі, 08 ақпан, 2023 жыл). Әлеуметтік желіде туған жері – Ақирек жайында толғанған тағы бір тұрғынның жазбасына назар аударайық:

«Осы кесене жайындағы алғашқы деректерді Қазалы жерінде қызмет істеген ғалым Игорь Аничков еңбектерінен де табуға болады, – дейді белгісіз автор, – Көнекөз қариялар бұрынғы кезеңдерде осы аймақтың жасыл желекті жер болғанын айтады. Қамыстыбас, Райым көлдерінің ортасында арал болған. Кесене маңында суы шипалы бұлақ бар екен. Дегенмен бертін келе ол бұлақ белгісіз себептермен жұрттың көзінен жоғалып кеткен екен» («ҚазАқпарат») Халықаралық ақпарат агенттігі. 15 шілде, 2018 жыл).

Жергілікті тұрғындардың айтуларына қарағанда, ерте замандарда Ақирек жотасы жанжағын су қоршаған жасыл арал болған. Демек, бұл оңаша жер қарахандықтар заманында әлдебір тарихи себептермен шекті ұлыстарына ілесе елдің батысына қоныс аударған тариқат жолындағы тақуа жандар үшін таптырмас мекен екендігі талассыз.


қайсысы да Ұлы далада ислам дінін насихаттау ісінде жан-тәнімен еңбек сіңірген ерен тұлғалар екендігі күмәнсіз. Байпақ отырғанымыздай, аталған әулиелердің кейбіреулерінің есімдерімен байланысты жер-су атаулары мен мазар-кесенелерді Оңтүстік өңірлерден де жолықтырамыз. Осыған орай, шығыс халықтарында, оның ішінде мұсылман әлемінде атақты адамдардың бірнеше жерде зиярат мекені болуы қалыпты жағдай екендігін еске алу артық емес. Демек, бұл құбылыстың өзі Арыстан баб мазарының еліміздің оңтүстік және батыс аймақтарында ұшырасуын түсінуге жол ашары анық.

Расында ертедегі бабаларымыз кезінде ерекше қасиеті бар әулие кісілердің жайлаған, қыстаған не қона жатып, намаз оқыған, тіпті бір түстеніп, ат байлаған жерлерін кие тұтып қастерлейтін болған. Кене кезіндегі солақай көзқарастары қарамастан халқымыз ондай пәк рух өкілдерінің есімдерін ұрпақ есінде мәңгі сақтауға тырысқан. Ел арасына тараған аңыз-әпсаналар да осынау игі мақсатқа орай туып, ұрпақтар көшінде ұмытылмай, даңқты жандарды дәріптеуге сеп болғанын көреміз. Бәлкім, Арыстан бабтың Ақиректегі «Әулие төбеге» орын тепкен ескі мазарының салынуына да атақты пірге деген халық құрметі, жергілікті Арал тұрғындарының сүйіспеншілігі себеп болған шығар. Баспасөз деректеріне қарағанда, әлі күнге дейін онда дертінге шипа іздегендер, Тәңірден перзент тілегендер, Алладан ақ жол сұрағандар зиярат етіп, түнеп тұрады екен. Әулиеге мінәжат етушілердің қарасы қысық жазы арылмаған.

Қарахандықтар билігі кезінде сыртқы жаулардың қатері аз болмаған. Әсіресе, тілі бір, діні басқа Қарақытайлар мемлекеті көрші түркі-мұсылман елдеріне жиі қауіп төндірді. 1137 жылдан бастап олар Батыс Түркістан елдерінің ішкі істеріне араласа бастайды. 1141 жылға қарай, қарақытайлар Баласағұн, Ходжент, Самарханд қалаларын басып алып, Әмудария бойындағы, Балх, Түркістан, Бұхара, Хорезм уәлаяттарын түгел бағындырады. Басқыншылар үй басына бір алтын динардан салық салады (В.Бартольд: 1993, 93-95-бб). Қарахан мемлекетінің халқы ауыр жылдарды бастан кешірді. Сірә, Түркістан төңірегіндегі Арыстан баб пен оның мүрдітерінің уақытша болса да батыстағы қауіпсіз өңірлерге қоныс аударуы осы себептен туындауы ғажап емес. Қожа Ахмет Йасауидің 95-хикметіндегі мына өлең жолдарынан сол заманның көрінісі елес береді:

– Уа, достар, ақырзаман болды, көргін, Дінсіз кәпір бұл әлемге толды, көргін. Хак құлдығын қойып бәрі пасық болды, Сол үшін қаһар, азап, қылды, көргін.

Күн көрмеген иесіз ғашық қас сұлулар Қорқыныштан жүректері қарс айрылар. Дерттеріне дауа таппай бейшаралар, Мұндай болып кәпірге қор болды, көргін.



дің сұлбасы көрінген. Бұл Әнуар еді.

Ертесіне ауырдым деп жұмысқа шықпаған Әділ қатынаған көліктің біріне ілесіп, ауылға қайтып кеткен. Не де болса, он біріншіні басқа мектепте оқын деп шешті. Осыған нық бекінген ол облыс орталығындағы малшылардың балалары оқитын мектеп-интернатқа келді.

Мектеп бітіру кешінде Әсел Әділдің өзіне арнап шығарған әнін айтқан. Сыныптастары жапа-тармағай биге көшкенде, төбе басындағы сол бір түн Әселдің есіне түсе берді: «Алда-жалда біреуің тайқып кетсендер, өмірбаки кешірмеймін» деген Әділдің сөзі. Сол-ақ екен, «жүр, билейікші» деп Әнуарды ортаға тартты.

Қолдарына аттестат тиген бойда, Әнуар мен Әсел қалаға бет алды. Әділге кездесіп, оны мектеп бітіруімен құттықтамақшы еді... Мектеп-интернаттың коменданты Әділдің күні кеше жиналып, біржола кетіп қалғанын айтты.

Мектепті өте жақсыға бітірген Әсел Алматының медицина институтына, Әнуар ауыл шаруашылығы институтына түскен. Әділ болса ауылға оралып еді. Қарақұмды жайлап отырған шопан балаларын ата-анасына әкеткелі жатқан автомашинаға үлгірген. Әке-шешесіне көз-алмағы болған. Қазан айының басында қойшылар елге құлады. Әсел мен Әнуардан екі хат келіп жатыр екен. Бірінде облыс орталығынан өзін іздегендерін, сосын жолға шыққандарын, қазір жоғары оқу орындарына емтихан тапсырып жатқандарын жазыпты. Аяғына: «Достарың Әнуар және Әсел» депті.

Екінші хатта студент болғандарын қуана жеткізіп, екі институттың жатақханасындағы мекен-жайларын көрсетіпті. Сағынғандарын, келсе қуана-қуана күтіп алатындарын жазған... Алайда Әділ екеуінің тыныштығын бұзғысы келмеді: «Хат жазысып тұрайық, мені әкеме көмекшімін» деп қысқа қайырған.

Тағдыр оларды кездестіруге жазбапты, екеуінен 6-7 ай үлкендігі бар Әділді қараша айының соңында әскерге шақырды.

Үш айдан соң, Әнуарға Әділдің көп күттірген хаты жетті. Сонау тәжік-ауған шекарасынан жазған. «Қарантин мерзімі бітіп, әскери айла-тәсілге машықтанып жатырмыз, Әселге сәлем айт, мен үшін бетінен бір сүйіп қой» депті. Сонына хатты жолданған күн, әскери бөлімнің нөмірі мен дала поштасын көрсеткен. Әнуардың жүрегін үрей биледі. Себебі, тәжік-ауған шекарасы қауіпті екенін баспасөз беттерінен оқып жүрген. Әселге барып, Әділдің сәлемін жеткізді. Әділдің соңғы хаты бұлар бірінші курсты аяқтап, каникулға қайтып жатқанда келді. Қарулы-қақтығыстар болып тұратынын жазған.

Екінші курстың сабағына кіріскендері қашан, алайда Әділден хат келмеді. Екеуі ақылдаса келе әскери бөлім командирінің атына телеграмма жіберген. Жауап тез жетті: «Кіші сержант Тәңірбергенов әскери госпитальда. Бөлім командирі Н.А.Быковских». Бар болғаны осы. Арада екі жыл өтті. Әділден ешқандай хабар-ошар болмады.

Мединституттың үшінші курсына оқитын Әселдің тобын бірде қаланың шеткері аймағына орналасқан әскери госпитальға тәжірибеден өтуге апарған. Осындағы шектеулі сырқаттардың ауру тарихымен танысып отырғанда, Әділ Тәңірбергеновтің құжағы шыға келді. Мұны курстасы Бибізада көрген де, туған жылы мен туған жеріне көз жүгіртіп өтіп, Әселдің аузынан тастамайтын Әділі екенін біле қойған. Әдепкіде аңадай жерде отырған құрбысына қарап айқайлап жібере жаздады да, өзін тез басты. Екі ойлы күй кешкен Бибізада сәл кідірді де, қолындағысын көріп біткен құжаттардың арасына қосып жіберді.

Мандайға жазса не шара, бұл науқас соғыста басынан ауыр контузия алған Әділ еді.

Темірбек ЕСЖАНОВ

/// ГАЗЕТ ПОШТАСЫНАН



«АҚАЙДАҒЫ» ҚУЫРШАҚ ТЕАТРЫ

Қуыршақ театры – балабақша мен мектеп жасындағы балалардың бос уақытын ұйымдастырудың қызықты өрі қолайлы түрі. Ол жеткіншектердің сүйіспеншілігіне бөленіп, кішкентай көрермендерге қуаныш сыйлайды. Қойылымдарды көрсету кезінде көркем сөз де, көрнекі образ – қуыршақ та, көскіндемелік және декоративті безендіру де, ән, музыкалық сүйемелдеу де қолданылады.

Бала жастайынан шығармашылыққа ұмтылады және оған қуыршақ театры көмектесетіні сөзсіз. Ол көңіл көтереді және тәрбиелейді, бала қиялын дамытады, эмоционалды көңіл-күй қалыптастырады, өзіне деген сенімін арттырады.

Бала күнімен қуыршақ театрына, шығармашылыққа жақын болғаннан ба екен, өзін сабақ беріп жүрген оқушыларымен орыс «Неге қуыршақ театрын ұйымдастырмасқа?» деген ой келді. Осылайша, педагогикалық қызметінің алғашқы жылында-ақ Қармақшы ауданы Ақай ауылындағы №99 мектептің 4 «Ә» сынып оқушыларымен орыс тілді қуыршақ театрларының ең танымал қойылымдарының бірі «Теремокты» сахналауға бел будым. Балалардың ерекше таланты мен мектеп басшысының сенімінің арқасында қойылымды қазақ тілді мектепте қойып шықтық. Көрініс көшетке бөленіп, көрерменнің сұрауымен осы істі кәсіби түрде қолға алуым сұралды. Әртүрлі тараптан көмек ретінде қуыршақ костюмдері беріліп, жаңадан тігіле бастады. Театрға әртүрлі жастағы балалар қатысуға өтініш жасалды. Өнерпаздар құрамы көбейді. Бүгінде

танымал болып жүрген мультфильмдер мен жаңа ертегілер де қойылым ретінде көрермен алдына шыға бастады.


Қазір репертуарымызда он шақты қойылыммыз бар. Ең алғашқы өнерпаздарым қазір 6-сыныпты аяқтады. Келешекте театр мектептің штаттық режиссінде арнайы үйірме ретінде қарастырылады деген үмітім бар. Алға қойған жоспарларым көп-ақ. Қуыршақ театрының қойылымдарын қос тілде, яғни, ана тілімізде де сахналасақ деген ойым бар.

Қуыршақ бала қабылдауына өте жақын, өйткені олар бұл ойыншықпен кішкентай кезеңін таныса, сондықтан оны жақын дос ретінде қабылдайды. Сол қуыршақтар көз алдында өзі әңгіме айтып, ән айтып, би билеп, күліп-жылдаса, бұл көрініс олар үшін нағыз мерекеге айналады. Өнер ұжымы болашақта қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық театр фестивалдерінде топ жарып жүреді деген үміттемін.

Жарқұл ЖАРЫҚБАЕВА,
№99 орта мектептің
орыс тілі өнпір мұғалімі.
Қармақшы ауданы,
Ақай ауылы

/// ОҚЫРМАН ОЛЖАСЫ

ОҚЫРМАНҒА ОЙ САЛАР ТУЫНДЫ



Қолымызға жерлесіміз, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Тынымбай Досбатырдың «Қосбасар» атты кітабы түсті. Кітапта автордың әр жылдары мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған туындылары, қоғамға қозғау салатын ойлы жазбалары жинақталған. Сонымен қатар, туған жер тарихын, ел мен жер қасиетін танытатын жыр шумақтары кітаптың көркемдігін арттыра түскендей.

Автор бұл еңбегін туғанына 130 және 110 жыл толған әкесі Сәден Досбатырұлы мен анасы Жәхия Жәңгілбайқызының рухына арнаған екен.

Кітап «Журналист жазбалары», «Атадан қалған асыл сөз», «Өлең өрнектері» тақырыптарын қамтыған үш бөлімнен тұрады. Алғашқы бөлімдегі «Беймәлім нарықпен бетпебет» атты әңгімеде тәуелсіздік жылдарындағы елдегі еңбектің көрінісі, адамдар арасындағы қарым-қатынас, кәсіпкерліктің алғашқы қадамы жайлы сөз қозғалады. «Ауылдағы жиналыс», «Елден шыққан екі патриот» атты әңгімелері сатира сарынында жазылған. Оқырманға еріксіз езу тартқыза отырып, салмақты ой салып кетеді.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

Олар жетінші сыныпта кездескен. Әсел – төрағаның қызы. Әнуар мен Әділ – осы мектепке биыл жаңадан келген балалар.

Қыркүйек айының алғашқы күндерінің бірінде сабақ бітіп, бір топ бала үйлеріне қайтып келе жатты. Әнуар мен Әділдің қасында Әсел мен оның дос қыздары бар еді. Арттарынан жеткен 3-4 бала бұл екеуіне тиісе кетті:

– Кеше келіп, біздің ауылдың қыздарымен бірге қайтатын сендер кімсіңдер? – деді қара-домалақ кішкентайлауы.

– Өздеріңе не керек? – деді шикіл сарысы.

– Көп сөзін не қыламыз, одан да былай... Ұзынұрасы Әнуарды шапалақпен тартты. Намысқа тырысқан Әнуар да қарап қалмады. Қыздар шырылдап, ажыратпақшы болып жатқанда Кенжебай ағай келіп қалып, бұзақылар ақша жөнелді де, Әнуар мен Әділ тұрып қалды.

– Бұлар емес ағай, аналар, – деді Әсел қашып бара жатқандар жаққа қолын нұсқап.

– Ертен сөйлесеміз, – деді де ағай үйіне қарай бұрылды.

Үшеуі клубтың қасынан өтіп, келесі көшедегі қыз үйінің тұсына келді.

– Бүгіннен бастап үшеуіміз ажырамақ дос боламыз, – деп Әсел екеуінің қолын кезек-кезек қысқан. Қашанда бұлардың қасынан табылатыны үлкен демеу еді. Араларына енді келіп қосылған екі балаға осы ауылдың бұзық балалары көп тиісетінін әкесіне айтып берген. Төраға мектепке келіп, директормен сөйлескен. Мұнан соң екі бала еркіндік жүрді. Әділдің әкесі шопан болғандықтан, Әнуардың үйіне жатып оқитын. Ауылдың қасында тұратын Әселдің үйі Әнуар мен Әділдің мектепке бірге келіп қайтатын жолы болғалы қашан?!

Ілезде екі жыл өте шықты. Тоғызыншы сыныптың сабағын үш күн оқығасын оқушыларды күрші жинауға алып кеткелі жатты. Балалар ағаш бортты «Газ-52» автомашинасының қоршауына төсек-орын салған қаптарын жатқызып, үстіне жайғасты. Орталарына Әселді алып, көппен бірге екі бала Сырдарияның келесі бетіндегі «Арайды» бетке алған. Бұл – кіндік қаны тамған атамеке. Кішкентайынан жағасында асық атып, жазда салқын суына шомылған, қыс түссе көнек теуіп, шана сүйреткен Ақсу көлі шалқып жатыр. Көктемде құм жуасын теріп жейтін «Ақбет аралы», мұнан соң «Қияқты», «Ақкешпе», «Мақпал» көзге оттай басылды. Әсел өтіп бара жатқан жер-су аттарын Әнуар мен Әділден сұрап отырды. Тас жол солға бұрылып, біршама жүргесін құмдауыт төбешік тұсына келгенде Әділ:

– Ертеректе осы жерді «Естек» деген тайпа мекендепті. Аңғарсан, әнекей орындары да жатыр, – деп төбе басындағы опырылып үйіндіге айналған қабырғалардың орнын нұсқаған. Төбе етегіндегі тас жаугер-

шілік заманда шейіт кеткен бір атақты кісіге қойылған белгі бола керек. Осыдан төрт-бес жыл бұрын облыс орталығынан бір ғалым келіп көрген дейді. Тастағы жазу өшіріліп қалғасын, оқи алмаған сынайы. Сонау 50-жылдары танба-жазулар өше қоймаған екен, бүгіндері тым көмескі.

Осы аймақта парсының әйгілі Кир патшасы мен сақтардың патшайымы Томирис ханшайым әскерлерінің арасында қырғын соғыс болып, Кир патшаның басы кесілген деседі, ал мына тас белгінің кімге қойылғаны белгісіз.

– Анау биік төбе – асар. Осындай жеті асар бар. Соның үшеуін мен көрдім, – деді Әнуар. Төбесіне де шықтық. Бұлар – жаудан қорғану үшін салынған қамал-қорғандар. Жау жақындаса бекінетін және қорғанатын орын. Тағы да естігенім, шапқыншыларды көрсе, асарлардағылар бір-біріне хабар беріп отырған. Жазық дала ғой, ол бірден көзге шалынады екен.

Қыз таңырқайды да: – Біз келе жатқан «Құс ұясы» деген жердің де тарихы бар ма? – деп сұрады.

– Бұл – беріректегі атау. Алғаш рет күрші егуге келген егінші-механизаторлар сол маңдағы дарак жынғылдан құстың үлкен ұясын көреді. Содан «Құс ұясы» аталып кеткен ғой. Мұны айтқан Әділ.

...Өмір дегеніңіз жалғасты тіршілік емес пе, алдағы екі жылдың күзінде де осы жерге келіп, күрші жинауға қолғабыс беретінін олар білген жоқ. Әсел достықтың балауса сезімге ұласар сәті дәл осы жерден бас-талар деп ойламаған-ды.

«Арайдың» құнарлы кең даласына Сыр маржанын көп егіп, жылда мол астық жинайтын «Коммуна» кеңшарының еңбеккерлерімен бірге жоғары кластың балалары күзде тайлы-таяғы қалмай тағы да егінжайға келген. Солардың қатарында үш дос он біріншіде оқитын Әнуар, Әсел және Әділ де бар еді.

Дала қосындағы алғашқы түн. Жас көмекшілер жылдағы әдеті бойынша алау жағып, оттың айналасын қоршай отырды. Мектепке жеті жастарынан қабылданған олар (ол кезде солай) енді он сегіз жасқа атқала бозбала мен бойжеткен! Үп еткен жел жоқ, тымырсық түн. Ай тас төбеде тұр. Айнала сүттей жарық. Екі досының ортасынан орын тепкен Әсел тым көңілді. Әдемі, бозаңдау рені оттың қызмен қызыл шырайланған. Бір сәт отырғандар қолқалап Әділге ән айтқызды:

– Түн жамылып келеміз, Айсыз ашық аспан. Төбемізге жұлдыздар, үнсіз жымылдасқан. Бара жатқан зымырап, байқалмайды уақыт. Бұл не деген қуаныш, Бұл не деген бақыт... Ашық дауыс түнгі аспанды тербеп әкеткен.

– Тағы, тағы жұп болсын! – деп жатыр жолдастары.

– Айтсайшы, – деп қалды Әсел де. Әділ бетін бұрып қызға қарап, сәл ойға шомғандай болды. «Әсел, сен білсең ғой, менің жүрегімнің еркімнен тыс кеткенін. Айт десең, тек саған ғана арнап айтар едім, бірақ оны түсінесің бе, қалай қабылдайсың? Жан сырым еді, досым Әнуар да білмейді. Бірақ, көрейін, ішіме сақтай беріп қайт-темің?!»

– Өнім бұл жүректің, бір саған сыйлаймын. Жаныма гүл ектің, өзеге қимаймын. Жарасым табатын, барымсың, бағымсың. Мен үшін қымбат тым, әр күнің, сағатың... – деп соза берді.

– Мынау біз естімеген ән ғой, – деді қыздардың бірі.

– Иә, жаңадан шыққан ән шығар, бір естігенім Әділ тез қағып алады емес пе?!

Бұл – екіншісінің айтқаны.

– Енді бір орындашы Әділ, мынауың қатқан екен, – деген жан досы Әнуардың да сөзі құлағына тиді. Қайталап шықты. Бірақ, бір сұрақ көңілін алаңжарлы еткен. «Әсел қалай қабылдады екен?» Алау басындағылар тарай бастағанымен, Әділ орнынан қозғала қоймады. Сосын Әсел мен Әнуар да кідірген.

– Төбе басына қарай жүріп қайтайықшы, – деді Әділ қызға. Бір-бірінен ештеңе жасырып көрмеген үшеу, алғаш рет осылайша бөлектеніп еді. Әнуар ренжи қоймағанымен, ойлапты қалған. Дала қосынан 300 кадамдай жердегі төбе басына шыққанда ай батып бара жатты.

– Жаңағы ән саған арналған, Әсел мен сені жанымдай жақсы көрем, – деп Әділ бір-ақ кесті. – ?? – Естисің бе, неге үндемей қалдың? Әлде, Әнуарды қалайсың ба? Абай айтқан «іштегі дертті» сыртқа шығармасам, не болады? Достықтың соны осыған әкеледі деп ойлапты ба, дәрменім жетпеді. Бірақ махаббатқа қашанда үшінші артық. Егер Әнуарды өмірлік серік етемін десең, уоденді бер, мен сендерге бақыт тілеймін. Алда-жалда біреулерің тайқып кетсеңдер, өмірбаки кешірмеймін!

– ?? – Жауабың жоқ болса, қайтайық.

Сөзді өзі бастап, өзі қойған Әділ Әселдің қолынан тас қып ұстап алды да, дала қосына қарай жетектей жөнелді.

Қыздың алақаны от қарығандай ыстық екен...

– Тұра тұршы, Әділ, қате түсініп жүрерсің. Неге бала болып қала бермедің, неге бойжетіп, неге бозбала болдық?! Шынымды айтсам, мен сені де қимаймын. Қаранғыда бет-әлпетін көрмегенімнен, қаз дауысындағы дірілді сезген Әділ кілт кідірді. Тұла бойы шымырлап қоя берді де, естілер-естілместей етіп:

– Сонда қалай болады? – деп күбір етті.

– Білмеймін, білмеймін... Осы сәтте алдарынан біреу-



Берік аға 70 жасқа толды дегенде ойымызға талай жайт оралған еді. Уақытында облыстық газеттің экономикалық бетіне жайғасатын ауыл шаруашылығы саласы туралы жазатын болған соң ба, көбіне-көп егін мен мал жайында қажетті ақпарат іздеп тұратынымыз бар. Әсіресе, кеңестік кездегі бейнеті көп шаруашылықтың бел ортасында жүрген сала ардагерлерін көбірек сөйлететін едік. Сондағы бір кейіпкеріміз – Берік Бисембаев. Аралда туып, Қазалыда тұратын ағаның саналы ғұмырында ауыл шаруашылығын өркендетуге жұмсаған күш-жігерін көзкөргендердің барлығы да білуі тиіс. Ал біз өзінің парасат-пайымымен ел жағдайын жеке басынан жоғары қоя білген ардагер аға жайлы аз-кем сөз қозғауды жөн көрдік.

Иә, төрт түліктің басын көбейткен Берік Бисембаев өз тәжірибесін өзгелерге де үйретті, өзі де өмір академиясынан көп нәрсені үйренуден жалықпады. Қырық жылға жуық Арал ауданындағы елді мекендердің құрылуына атсалысып, соны басқарған әкесі Әбдісәт тәрбиесі болар, бұл да бала күнінен еңбек қазанында өлден қайнап пісті. Ал отбасында тәрбиеленіп өскен ағаның анасы Шәрипа халық арасында өте сыйлы бәйбіше атанған әрі даңқты қазақ батыры Жанқожа бабаның ұрпағы болатын.

Кейіпкеріміз 1954 жылы теңізді өлкеде туған. Арал манайында туған ұлдың кара қайық есіп, торлы ауды тараштамағаны кемде-кем. Берік аға да сол кәсіппен айналысты. Дұрысы, 1971 жылы мектеп бітірісімен еңбек жолын Райым колхозында бағындыра бастады. Жаздың аптабы мен қыстың қатал суығында мұз ойып, судан несібісінен сүзді, солай ел байлығын арттыруға бозбала күнінен үлес қосқаны бар.

Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтынан 1977 жылы зооинженер мамандығын алып шықтым, – дейді Берік Әбуұлы. – Кейіннен 1986 жылы республикалық басық кадрлар дайындайтын арнайы курсты бітіргеніміз бар. Одан соң туған елге оралып, Аралдағы аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінде зоотехник, «Приарал» кеңшарының ферма зоотехнигі болдым. 1980-1997 жылдары Қазалы ауданының Жанқожа батыр кеңшарында бас зоотехник, партком хатшысы, кеңшар директоры, «Арықбалық» ауылының әкімі, серіктестіктің басқарма төрағасы, 1997 жылы Арал ауданы әкімінің кеңесшісі сияқты қызметтер маңдайымызға жазылыпты. Шүкір, абыройсыз болмадық. Әлі есімде, өзім басшылық жасаған тұста қазіргі Жанқожа батыр ауылында 70 мың қой, 2 жарым мың жылқы, мың бас түйе болды. Совхозға қарасты Шилі, Шөлқұм, Шөкен және Жиевалы дейтін жердегі фермаларда төрт түлік қаптап жатты. Сонда отар-отар қарақол қойдан төлдеген қозыны ұш ай толғанда етке тапсыру үшін бордақылайтынбыз. Сенсең, әр қозы 46 келіге дейін салмақ берді. Бұл рекордтық көрсеткіш еді. Өйткені, бұрын-соңды Қазалыда мұндай салмақ берген төл болмаған. Жалпы сол 80-90-жылдары Қазалыда 20 мың гектарға дейін егістік, соның ішінде 9 мың гектарға дейін күріш өсірілді. Ауданда 200 мың қой, 7 жарым мың жылқы, 4 жарым мың түйе, 12 мыңнан астам ірі қара болғаны есімде...

Бекеннің айтуынша, сол уа-

қыттары өзі басқарған шаруашылық Бүкілодақтық халық жетістіктері көрмесінің (ВДНХ) «Алтын кітабына» жазылып, 27 рет одақтық, республикалық жүлдеге ие болып, аудандағы мал шаруашылығы бойынша озат тәжірибе мектебіне айналған. Сондай-ақ Жанқожа батыр атындағы кеңшар директоры болған кезінде атакәсіптен бөлек, Жалағаш ауданы Бұқарбай батыр атындағы кеңшардың директоры Қожахмет Баймахановпен әріптестік орнатып ауылда қаз, нутрия өсіруді қолға алды.

Иә, жас кезінен үлкендердің тәлімін көп алған Берік сол уақытта ел басқарған Берекет Омаров, Шынтас Жалғасбаев, Дәукара Аймағамбетов сынды ағалардан үйренгені көп болды.

Мемлекет және қоғам қайраткері С.Шаухаманов айтқандай, «Түбінде елді ауыл шаруашылығы асырайды», ал мен сол салада үзбей 45 жыл еңбек еттім. 1997 жылы басшылықтың шешімімен Қазалы аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің бастығы қызметіне тағайындалдым. Ол нағыз қиын кез ғой, 10 жылдан астам сала жетекшісі бола жүріп, қолдан келгенше ел жағдайының жақсаруына үлес қосып бақтым. Ауданда алғашқы рет «Қазалы Несие» несие серіктестігін ашып, саланы нарықтық экономикаға көшіру бағытында жекешелендіру, қайта құрылымдауды ұйымдастырып, ауыл шаруашылығымен айналысатын кәсіпкерлер мен қоғамдықтардың көбеюіне мүмкіндік жасадық. Жекешелендіру кезінде ел тұтастығын, ауызбіршілікті сақтауға, жергілікті кәсіпкерлердің сенімді жұмыс жасауына көп көмектесуге тырыстық, – дейді өткен уақытты еске алған ағамыз.

2008 жылы аудандағы іргелі елді мекеннің бірі Ғани Мұратбаев ауылдық округінің әкімі болған Берік Бисембаев мұнда өзіне де, өзгеге де тыныштық бермегенге ұқсайды. Алдымен ауылды көркейту-көгалдандыру, абақтандыру жұмыстарын жүйеге келтіріп, онысы басқа округ әкімдеріне үлгі болды. Сортан жерге көк шығарған әкім өзі талап еткен тәртіп пен тазалық арқасында Ғани ауылы «Үлгілі ауыл» атанды.

Жастар жетекшісі Ғани Мұратбаевтың 110 жылдығы республикалық дәрежеде өткен еді. Соған орай ауылдың әлеуметтік-экономикалық, тұрмыстық жағдайын түзеу үшін әрбір үйге сервистік ауысу, көшелерге түнгі жарық шамдары мен асфальт төселіп, ауыл тұрғындары ауданда алғашқы болып «көгілдір отын» пайдаланды. Бұл жұмыстар

республикалық, облыстық баспасөзге жазылып, теледидардан үлгі етіп көрсетілді. 2018 жылдың тамыз айынан аудан әкімінің кеңесшісі қызметін атқарып, сол жылы зейнетке шықтық. Ал қазір демалыста болсам да, аудандағы қоғамдық жұмыстардан қалыс қалмай келемін. Бес жылдан бері «Жанару» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпұлттық қозғалысының Қазалы филиалы директорының орынбасары қызметіндемін, Қазалы аудандық қоғамдық кеңесінің мүшесі, төрағаның орынбасарымын, – дейді ол.

Белі бекіп, буыны қатайғалы ауыл шаруашылығы дейтін ауыр саланың жүгін алға тартқан ағаның еңбегі елеусіз болмапты. ҚР «Құрмет грамотасымен», Президенттің «Алғыс хатымен» және «Ерен еңбегі үшін» медалімен наградталды. Ал оған дейін ҚазССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Құрмет грамотасымен», Бүкілодақтық Халық жетістіктері көрмесінің, тағы да бірнеше мерекелік медальді кеудеге тағып, ауданның, облыстың марапаттарын иеленді. Ғани ауылын басқарып тұрған уақытта «Жылдың үздік ауыл әкімі» номинациясын алды. Ауыл шаруашылығы министрлігінің I дәрежелі «Еңбек даңқы» медалін тағып, ауданның «Құрметті азаматы» атанды.

Бүгінде отбасында жолдасы Қантай Тәжібаева апамыз екеуі 5 бала тәрбиелеп өсіріп, 7 немерені қызығын көріп отырған жайы бар. «Дарын мен талант Алланың жаратылысынан, азаматтың бағының жаңуы үйдегі жолдасынан» дегендей, елге басшылық қызмет жасаған ағаның абыройын асқатқатып, балаларына дұрыс бағытта тәрбие берген апамыздың да еңбегі өте зор десек, қателеспеспіз. Ал Берік аға өзі құрған «Әбиата» мал шаруашылығы қожалығында жасынан құмар кәсіпті әлі де жандандыруда.

Мемлекеттік қызметте болған ағаның ұлдары да осы саланың жүгін арқалап жүр. Бес ұлдың алды Астанада, кейінгілері облыс орталығы мен ауданда абыроймен қызмет атқаруда. Айтпақшы, дәл осы Бисембаевтар отбасы 2018 жылы облыстық «Мемлекеттік қызметкерлер әулеті» байқауының бас жүлдегері атанғаны бар.

Шыны керек, осындай еңбегімен абырой жигандар тым аз насихатталды. Ал ардагер аға Болат Бисембаевтың азаматтық болмысынан бөлек, еңбек етуге деген құлшынысы жастарға үлгі бола бермек. Бастысы, ауыл шаруашылығы саласын өркендетуде тынбай қызмет қылған аға жайлы әңгімелеу – біздің інілік хәм азаматтық парызымыз деп білеміз. Бүгінде әулеттің алтын қазығы болып отырған оның әлі де аудан ішіндегі қоғамдық шаралардың бел ортасынан табылатыны қуантады. Иә, асқақалдық келбетімен әдемі көрінген ағаға тек жақсылыққа бастар мерейлі сәттеріңіз көп болғай деп тілейміз.

Ержан ҚОЖАС, журналист. Астана қаласы

«Сақ стилі» жаңа сериясынан номиналы 10 000 теңгелік банкноталарды айналымға шығару туралы

30.05.2024

Қазақстан Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚҰБ) 2024 жылғы 28 маусымда 2024 жылғы үлгідегі жаңа дизайнмен номиналы 10 000 теңгелік банкноталарды айналымға шығарады.

Бұл – «Сақ стилі» жаңа сериясынан екінші банкнота. Ол қазақы ою-өрнектің бастау негізі саналатын және көшпенділердің бірегей мәдениетінен бастап бүгінгі Қазақстанға дейінгі ел мұрасын бейнелейтін «Сақ стилі» элементтеріне негізделген.

Банкноталар жаппай қолданысқа 2024 жылғы қыркүйекте беріле бастайды. Себебі оларды еліміздің барлық аймағына жеткізу үшін және жабдықтарды (банкоматтар, терминалдар және басқа да қасалық техникалар) бейімдеу үшін қосымша уақыт қажет.

Ақша белгісінің дизайны мен формасы туралы Банкноталардың түсі – күлгін-көк.

Банкнотаның бет жағында: - көкте қалықтап ұшқан құспен «Өмір ағашының» бұтағы (Есік қорғаны, б.д.д. 5-4 ғғ., Алтын адам бас киімінің бір бөлігі, табиғат пен наным байланысының қасиетті мағынасы);

- ДНҚ спиралін және адамның табиғатпен байланысын білдіретін ою-өрнекпен стильдендірілген шексіздік символы; - артефакт – тау шыңындағы барыс бейнелі әшекей (Есік қорғаны, б.д.д. 5-4 ғғ., Алтын адамның бас киіміндегі деталь, қар барысы – бағылдықтың, күш пен сұлулықтың символы).

Артық жағында ою-өрнекпен безендірілген қалқан мен Қазақстанда мекен ететін барыс бейнеленген. Негізгі суреттің артында дөңгелек пішіндес қазақтың ою-өрнегі орналасқан. Бұл бейне мына идеяларды білдіреді:

- «Қалқан» – құндылықтарды қорғау;
- ежелгі символ – әлемнің төрт құбыласы;
- ортасындағы күн белгісі – шығармашылық қуат пен өмірдің символы.

Сондай-ақ банкнотаның сырты жағында артефакт, яғни аузында грифонды бар барыстың басы бейнеленген (Берел қорғандары «Патшалар Алқабы», б.д.д. 8-7 ғғ., ШҚО, безендіру элементі, мақсаттылық пен күштің символы).



Банкнотаның ортасында фон ретінде қазақ ою-өрнегіндегі «шексіздік» контуры бар. Онда Іле Алатауы тауларының ландшафты көрініс тапқан.

Банкноталарды айырбастау және айналымға қатар жүру кезеңін белгілеу тәртібі туралы

Номиналы 10 000 теңгелік жаңа банкноталар 2024 жылғы 28 маусымнан бастап айналымға енеді және айналымға жүрген 2012 жылғы үлгідегі номиналы 10 000 теңгелік ұлттық валюта банкноталарымен (бұдан әрі – ескі үлгідегі банкнота) екі жыл бойы ауыстырылады.

Яғни, ескі үлгідегі барлық банкнота екі жылдың ішінде айналымнан біртіндеп алынады. Тіпті, банкноталар айналымға қатар жүрген уақытта халыққа ескі үлгідегі банкноталарды екінші деңгейлі банктердегі немесе ҚҰБ филиалдарындағы жаңа банкноталарға айырбастаудың қажеті жоқ. Жаңа және ескі үлгідегі банкноталардың айналымға қатар жүру кезеңі 2024 жылдың 28 маусымынан 2026 жылдың 28 маусымына дейінгі аралықты қамтиды.

Ол кезең аяқталғаннан кейін, яғни 2026 жылғы 28 маусымнан бастап барлық банк пен «Қазпоштада» ескі үлгідегі банкноталарды 3 жыл ішінде, яғни 2029 жылғы 28 маусымға дейін жаңа үлгідегі

банкноталарға айырбастауға мүмкіндік бар. Ал ҚҰБ филиалдарында оларды мерзімсіз айырбастауға болады.

Жаңа үлгідегі (2024 жылғы) және ескі үлгідегі (2012 жылғы) банкноталар айналымға қатар жүретін кезеңде заңды төлем құралы болып саналады. Төлемдер мен аударымдардың барлық түрін жүзеге асыру үшін, банк шоттарына аудару үшін Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында оларды атаулы құнына қарай қабылдауға міндетті екенін атап өтеміз.

Олар еліміздегі ҚҰБ, «Қазпошта» және екінші деңгейлі банктердің барлық филиалында, сондай-ақ Қазақстандағы бейрезиденттердің филиалдарында шектеусіз айырбасталады және ауыстырылады.

Заңды төлем құралына жататын банкноталар мен монеталарды қабылдаудан бас тарту Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексіне сәйкес әкімшілік құқықбұзушылық болып саналатынын еске саламыз.

БАҚ өкілдері толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы ала алады: 8 (7172) 77-52-10. e-mail: press@nationalbank.kz www.nationalbank.kz

Қазақстан Ұлттық Банкі Қызылорда филиалы

КҮЙІК ЖАРАҚАТЫ КӨБЕЙІП ТҮР

Атқарылып жатқан алдың алу іс-шараларына қарамастан, балалардың термиялық күйік алу жиілігі әлі де жоғары деңгейде қалып отыр. Статистикалық мәліметтерге қарағанда, термиялық күйікпен зақымданған науқастардың 13,8%-дан 75,3%-ын балалар құрайды екен. Мәселен, Ресейде жылына 500 мың адамды күйік шалса, оның 40%-ы балалардың үлесінде.

Қазақстанда алатын болсақ, жылына 5000 бала күйікпен стационарлық ем алады, ал олардың әрбір 4-і шокпен асқынған. Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының (ДСҰ) мәліметі бойынша Еуропада күйік жаракат алған балалар өлімінің себебі ретінде 3-орында тұрса, ал Мафлютов және т.б. авторлардың айтуынша, күйік жаракатын алған балалардың өлім көрсеткіші 1,2-10% аралықта.

Сондай-ақ термиялық күйік – ургентті (шұғыл) медицинада өзекті ғана емес, әлеуметтік-экономикалық мәселе. Заманауи медицинаның жетістіктеріне қарамастан, термиялық күйікті емдеу – балалар хирургиясы және анестезиология саласындағы күрделі түйткіл. Ересектердегі күйік жаракатын емдеуде едәуір жетістіктер бар, бала жасындағы ауруларда бұл мәселенің көптеген тұсы әлі нақты шешімін таппаған. Сондай-ақ толықтай зерттеуді, қолданыстағы емдік тәсілдерді жетілдіру тәуелді қажет етеді.

Көпбейінді облыстық балалар ауруханасының термиялық күйікпен жаракаттанған балаларды емдеу нәтижесіне келсек, 2019-2023 жылдар аралығында нейрохирургия, травматология, ортопедия бөлімшесіне 0 жастан 18 жасқа дейінгі термиялық күйік алған 596 бала түсті.

Олардың 313-і – ауруханаға күйгеннен кейінгі алғашқы сағатта, өте ауыр жағдайда келіп түскен науқастар. Балалардың жағдайының ауырлығы I-III сатыдағы шокпен асқынған, эскизоз, токсикоз белгілерімен көрініс берген, 6 балада жедел жүрек-қан айналымы және тыныс жетіспеушілігі анықталған.

Қабылдау бөліміне қаралған науқастарға сараптама жасайтын болсақ, жалпы 5 жылда 1524 бала жаракат бекетіне күйік алып қаралған. Науқастардың 946-сы, яғни 62%-ы – 1-5 жастағы балалар, 18%-ы (281) – 6-14 жастағы балалар және 4%-ы – 15-18 жастағы балалар. Көрінісін отырғандарыныңдай, мұндай жаракатпен 62% 1-5 жастағы балалар зақымдалатыны анықталды.

Өткен жылы 2019 жылмен салыстырғанда жаракат бекетіне қаралатын күйік алған науқас саны 44%-ға артқан, яғни балалар көп зардап шегетінін байқауға болады. Қабылдау бөліміне қаралған әрбір 3 науқастың біреуі стационарлық емге жатқызылады. Денесінің 5%-дан жоғары бөлігі зақымдалса, дененің 1%-ы III дәрежелі күйік жаракатын алған болса да, қимыл-қозғалысқа әсер ететін буын, шокогенді аймақтардың күйігінде және күйік шоғын алғанда ауруханаға түседі. Жалпы жаракат бекетіне қаралған 1524 науқастың 596-сы

стационарлық емге жүгінген, ол өз кезегінде 40% құрады. Жалпы зерттеу бойынша жас ерекшеліктеріне қарай, 1-5 жастағы балалар өте жоғары, 0-1 жастағы балалар жоғары, 6-14 жастағы балалар орташа, 15-18 жастағы балалар төмен қауіп тобына жататыны анықталды.

Жатқызылған науқастардың жас ерекшелігіне қарасақ, 337-сі – 1-5 жастағы балалар, 147-сі – 0-1 жастағы, 96-сы – 6-14 жастағы, 16-сы 15-18 жастағы балалар. Зерделеу нәтижесінде балалар қорғаны қызметі және психикалық дамуы әлсіз кезең, яғни 1-5 жаста күйік жаракатына жиі шалдығаны анықталды.

Жалпы кейінгі 5 жылда реанимация бөлімінде 313 науқас күйік шоғымен және күйік диагнозымен ем қабылдаған. Науқастардың 52%-ы реанимация бөлімі арқылы өткен, өлім-жітім тіркелмеген.

Тері ауыстыру отасы 224 балаға жасалды, яғни жаракаты терең балаларға оперативті ем жүргізілген. Кейбір науқастарға аутодермопластика отасы кезең-кезеңімен бірнеше рет жасалды. Денесінің 80%-ы күйік шалған науқас 120 күн стационарлық ем қабылдады, оған 47 рет жалпы жансыздандырумен байлап-тану және 17 рет аутодермопластика отасы жасалды. Ауруханада алғаш рет теріні бастан алу әдісі қолданылды.

Қанат МЕДЕТБАЕВ, көпбейінді облыстық балалар ауруханасы «Нейрохирургия, травматология, ортопедия» бөлімінің меңгерушісі

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Косбергенов Мурат Каирбекович (лицензия №14002321, 24.02.2014ж.) 2024 жылдың 16 маусымында қайтыс болған азамат Сейітқаримов Дәулет Серікұлының атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Көшербаев көшесі 203, тел.: 8 778 235 08 08, 8 777 067 92 37.

БІЛІМ

БАЙҚАУ

ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ ПЕДАГОГ ЖЕҢІМПАЗ АТАНДЫ

Астанада ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Тіл саясаты комитетінің Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен «Ақпараттық технологиялар саласының терминдері» республикалық байқауы өтті.

Қазақ тіліндегі терминдердің сапалық, сандық деңгейін арттыруды көздеген байқаудан жерлесіміз, Қызылорда қаласының оқушылар мен жасөспірімдер үйі инклюзивті ағылшын тілінің мұғалімі, жас педагог Азамат Ибрагим III орынды иеленді.

2 мамыр-10 маусым аралығында өткен онлайн-байқауға еліміздің әр аймағында тұратын тіл жанашырлары қатысты. Олар termcom.kz сайтындағы терминдер бойынша өз ой-пікірін, ұсынысын жаза отырып, сауалнама арқылы тапсырмаларды орындады. Берілген терминдерге қазақша балама беру арқылы анықтамасына үңілді. Байқау шартының бірі – мемлекеттік тілде



IT технологиялар саласының жаңа немесе қазақ тіліне аударылмаған, termcom.kz сайтының «Бекітілген терминдер тізіміне» енген, қате қолданылып жүрген, талас тудыратын және т.б. мәселелері бар терминдерге бейнеролик әзірлеу. Сондай-ақ қатысушылар мемлекеттік тілде жарық көрген IT технологиялар саласының оқулықтарына, ғылыми басылымдардағы

терминдердің қолданысына талдау жасап, оның ұтымды және ұтымсыз тұстарын немесе қателерін ашып көрсетті.

Байқауға елімізге белгілі терминолог ғалымдар мен сала мамандары қазылық етіп, 9 үміткер жүлдегер атанды.

– Бұл байқаудың мен үшін орны ерекше болды. Себебі терминдер аясында, оның ішінде IT саласында қолданылатын терминдерді қазақ тіліне аудару, балама атау беру үлкен ізденісті талап етеді. Сондай-ақ IT саласы біздің өмірімізде ойып орын алғандықтан сала шеңберінде қолданылатын терминдерді халықтың басым көпшілігіне түсінікті болатындай қазақшалау бүгінгі күннің басты талабы деп білемін, – дейді педагог.

Айта кету керек, байқау алғаш рет 2020 жылы мемлекет қайраткері Әлихан Байменовтің «Қазақ терминдерді халық жасайды» бастамасы бойынша өткізілген. Бұған дейін туризм, қазақ мәзірі және басқа тақырыптар бойынша ұйымдастырылған.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы»

СҰХБАТ

Заман ағымына қарай белгілі бір мамандықтарға сұраныс артып, кейбірі қоғамның қажетіне жармай жатады. Бұл – қалыпты құбылыс. Еңбек министрлігі оқу орындарын бітірген түлектердің 40 пайызға жуығы өз мамандығы бойынша жұмыс істемейтінін айтқан болатын. Бұл жалпы экономика үшін де, кейіннен басқа білім алатын немесе мамандығы бойынша жалақысы төмен қызметте істейтін студенттер үшін де жағымсыз салдарға әкеледі. Ал 2022 жылғы статистикаға сүйенсек, 2 миллионнан аса қазақстандық өз мамандығы бойынша жұмыс істемейді. Бұл мамандық таңдауда қоғамдық тәжірибенің жоқтығын, маңызды мәселе ретінде қолға алынбағанын білдіретіндей. Қызылордалық Жазира Темірбаева – профориентация бағытындағы «EQ academy» орталығының директоры. Мамандықты табу өзінді танумен тең деп білетін кәсіби маманмен сұхбаттасудың сәті түсті.



келтіреді. Сондықтан мамандық таңдауда барлық факторға мән бере отырып, мұқият зерделеу керек.

Өздеріңіз білетіндей, жасөспірімдер ҰБТ кезінде сыртқы күштің қысымына тап болып қиналады. Мамандық таңдаудың өзі 2 психологиялық аспектіге тіреледі. Бұл таңдауда кез келген салаға бет бұруға болады. Бірақ болашақта қызығушылығы артып, қиындықтарға төтеп бере алатын, қоғамға пайдасы тиетін маман болу үшін бала ішкі құндылығын түсініп, өзін жақсы тани алу керек. Келесі кезекте өзіне сенім маңызды рөл атқарады. Үшіншіден, мамандықты дұрыс таңдау үшін бала қолдаушы ортада жетілуі керек, сол кезде өзіне деген сенім де қалыптасады. Билғыл оқу жылында академияда 30 оқушы білім алды. 3 жыл ішінде 50-ге жуық оқушымен жұмыс істеді, мұнан бөлек жеке консультацияға да келеді. Сондай-ақ 8 айлық курс пен кәсіптік білім жиынтығы бар. Жоба топтық форматта өтеді. Бұл – үлкен платформа. Себебі мақсаты бір, проблемасы бір, қызығушылығы мен сұранысы ортақ жасөспірімдер бір алаңда тоғысуда. Түрлі орта білім мекемелерінде профориентация бағытында семинар берген, психологиялық сағаттар ұйымдастырған кезіміз көп. Осы кезге дейін қанша адамның дұрыс таңдау жасауына себепкер болғанымызды білмеймін.

– Қорытынды кешке қатыса отырып, қызылордалық ата-аналардың баласының болашағына бейжай қармайтынына көз жетті. Жобада тек баламен ғана емес, ата-аналармен де жұмыс істеле ме?

– Көптеген ата-ананың айтуынша, орталыққа келетін балаларынан ғана емес, отбасылық қарым-қатынас, ата-ана мен бала, әке мен ананың қарым-қатынасынан да өзгерістер байқалады. Отбасымызда өзгеріс бар деп пікір білдіріп жатады. Жасөспірімнің болашақ мамандыққа, жалпы жұмыс істеу, ақша табуға деген көзқарасына үлгі болатын да ата-ана. Әрине, кез келген адамның өзгеруі оның айналасының да, өмірінің де өзгеруіне алып келетіні – шартты дүние. Біз ата-аналармен тығыз байланыста боламыз, бірге шаралар ұйымдастырамыз. Әрине, орталыққа баласын әкелген ата-ана осындай өзгерістерге жауапкершілік алатынына келісіп, алдын ала қол қояды.

Қала бойынша және ата-аналар арасында жобамызға қызығушылық артып, қоғамда талқыға түсіп жатқаны үшін ерекше қуаныштымыз. Өйткені бұған дейін аймақта мұндай жоба болмады. Бұрынғы қатысатын балалардан естіп немесе сырттай біліп, қызығушылық танытып келген ата-аналардың өзі алғашында жобаның мақсатын, мәнін түсінуге қиналып жатады. Бұл жоба мен үшін жай хобби, тіпті бизнес көзі емес. Дегенмен жобаның құрылымы мен нәтижесіне қарап, тереңіне үйілген адамға қаншама құндылықтар жатыр. Алдағы уақытта бұдан да көп жасөспірімге көмектесіп, пайдалы бола берсек дейміз. Бұйырса, жобаны кеңейту жоспарда бар.

– Орталықтың жұмысына сәттілік тілейміз!

Сұхбаттасқан
Дина БӨКЕБАЙ,
«Сыр бойы»

МАМАНДЫҚТЫ ДҰРЫС ТАҢДАУ ӨЗІНДІ ТАБУМЕН ТЕҢ

– «EQ» жобасын бастауға не түрткі болды? Орталықтың басты мақсатына тоқталсаңыз...

– «EQ» жобасының тарихына тоқталып өтейін. 2021 жылы Халықаралық «Wise-full» психология және коучинг орталығында оқуымды тәмамдап, Қызылордаға келдім. Орталықтың Қазақстандағы ресми өкілі атанған болатымын. Онда жүзеге асырылып жатқан түрлі бағыттағы жобалардың ішінде жасөспірімдермен жұмыс істеу бағыты ерекше ұнады. Айналадағы қаншама жылдан бері белгілі бір салада жұмыс істеп жүріп «бұл менің ісім емес сияқты», «өзімнің ісімді таппадым» деген адамдар мен бір жұмысқа тұрақтай алмай, тұрақтаса да өзінің өмірлік саласын таппай киналған жандар осы саланы таңдауыма түрткі болды. Өзімнің жасөспірім шақтағы кейбір қиындықтарым да есіме түсті. Кез келген адамның жақсы жағынан өзгеруіне бірден-бір себепкер болатын – орта. Жобаның басты мақсаты да 14-17 жас аралығындағы сырбойлық жасөспірімдерге қолдау мен психологиялық көмек көрсете, жағымды орта қалыптастыра отырып, өздерін тану арқылы қабілеттеріне сәйкес сүйікті ісін, мамандығын таңдауға көмектесу. Себебі адам сүйікті ісін таппас бұрын өзінің қабілеттерін анықтап алуы тиіс. Ол кім? Мықты тұстары қандай? Әлсіз жағы қандай? Қандай нәрселерге қызығады? Бойындағы қабілеттерімен қай салада жетістікке оңай қол жеткізе алады? Міне, осындай сұрақтардың жауабына тікелей байланысты. Мамандық таңдауда адамның өзіне деген сенімі де өте маңызды. Кейбір жасөспірімдер қабілеті бар екенін білгенмен, өзіне сенбей, қабілетіне күмәнданып мүлде басқа саланы, басқа бағытты таңдап жатады. Бұл жобаның

басқаларынан ерекшелігі – жасөспірімдердің, ел ертенінін бойына сіңіргіміз келетін құндылықтарда. Абай ағамыз «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалам» дейді. Адамдарға көмегін тиіп, соның ішінде оң-солын бағдарлай қоймаған жасөспірімдерге үлкен өмірге кадам жасауына жол көрсетіп, оларға да пайдалы екенінді сезіну – бақыт.

– Статистика бойынша 2 млн қазақстандық мамандығы бойынша жұмыс істемейді. Профориентацияның маңыздылығы арта түскендей. Тіпті, грантпен ЖОО-ға түскен студенттердің де басым көпшілігі қазірден-ақ мамандығы бойынша істемейтінін айтады...

– Жасөспірімдермен жұмыс істеп жүргеніммен, мұндай мәселе студенттер арасында да жиі кездеседі. Командада студенттер де бар. Олар да жасөспірім болып, белгілі бір таңдау жасады. Алайда кейін студент атанып, мамандығының ұнамайтынын, ЖОО бітірген соң бұл салада қызмет еткісі келмейтінін түсінетіндер бар. Студенттердің 80 пайызы осындай мәселемен бас қатырады десем, артық емес. Бұл да – үлкен мәселе. Себебі іштей өзіңің, өзін таппаған студент тығырыққа тірелгендей күйде жүреді. Көп жағдайда 18 жасқа толған студенттердің өзіне қоғамдағы стереотиптер әсер етпей қоймайды. Мәселен, мұғалімдік дегенде тек тақтаның алдында сабақ түсіндіріп тұрған адамды елестетеді. Ал шын мәнінде ұстаздық бағыты бойынша жүздеген мамандық бар. Немесе IT саласының маманын тек компьютерлік бағдарламаларды жасайтын адам деп түсініп жатады. Осындай таптаурын түсініктер де жасөспірімдер мен студенттердің болашағына кеңірек қарауына кедергі

ЖАҚСЫНЫҢ ІСІ ЖАҢҒЫРА БЕРЕДІ



Ө.Тәжібаев атындағы облыстық ғылыми әмбебап кітапханасында Сыр журналистикасында өзіндік қолтаңбасы қалған белгілі қаламгер Әділхан Бәйменнің туғанына 80 жыл толуына орай еске алу кеші өтті. Оған қаламгердің әріптестері, замандастары, шәкірттері, туыстары мен балалары қатысып, естеліктер айтылды.

Жалағаш ауданы Қаракеткен ауылында дүниеге келген Әділхан Бәймен жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін Қазақ радиосында редактор қызметінде еңбек жолын бастады. Одан кейінгі өмір жолы Сыр өңірінде жалғасты. Облыстық партия комитетінде баспасөз жөніндегі нұсқаушы, облыстық «Сыр бойы» газеті бас редакторының бірінші орынбасары, облыстық тіл басқармасының бастығы қызметін атқарды. 1994 жылы өңірдегі ең алғашқы тәуелсіз басылым – «Ақмешіт апталығы» газетінің тұсауын кесіп, 2004 жылы өмірден өткенше басшылық жасады.

– Әділхан ағамыздың азаматтық позициясы, ұстанған адами принципі жоғары болатын. Болмыс-бітім, тұлғасы, кез келген адамға ізет көрсетуі үлгі боларлықтай жан еді. Қашанда әріптестерінің жетістігіне қуанып, өзінің тілек-тестігін білдіріп жүретін. Ол кісімен жақын араласып, бір-бірімізге сыйластық көрсеттік. Сөздің қадірін, этимологиясын жақсы білетін. Оны ізінен ерген шәкірттеріне үнемі үйретіп

отыратын еді. Әрбір жазылған мақаланың мәнді болуын қадағалайтын. Осылайша көпшілікке тартымды дүние ұсынуға тырысатын. Адамгершілігі жоғары азамат шәкірт дайындау ісіне де белсене атсалысты, – деді сала ардагері Жағыппар Қарабала.

Руханият саласына да сіңірген еңбегі туралы Асылбек Жұмабаев та пайымды пікір айтты.

– Облыстық партия комитетінде нұсқаушы қызметін атқарған кезде Әділхан Бәйменнің басшылығымен көптеген іс-шаралар жүзеге асты. Ол кезеңде баспасөз саласына ерекше мән берілетін. Бұл жауапты жұмысты атқаруда оның іскерлік, ұйымдастырушылық, жауапкершілік қасиеті ерекше байқалғанын айта кеткеніміз абзал, – деді ол.

Еске алу шарасында Әділхан Бәйменмен бірге қызмет атқарған Нұрлан Көбегенұлы, Нұржан Оспанов, Қаламқас Кенесариева, Талғат Дәужігітов және туыстары естеліктерін бөлісті.

«СБ» ақпарат

ТОСПАДОП ТАРЛАНЫНЫҢ ЕСІМІ ЖАҢҒЫРДЫ

Қызылордада волейбол спортын дамытуға зор үлес қосқан Тұрғанбек Алтынбековті еске алуға арналған турнир өтті. Екі күндік жарысқа Түркістан облысы, Қызылорда қаласы мен аудандардан барлығы 11 команда қатысты.

Дәстүрлі турнирдің ашылуында облыстық денешынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы Жанмұрат Сейілов, ардагер журналист Нұрмахан Елтай сөз сөйледі.

Елуінші жылдардың аяғында Тұрғанбек Алтынбеков еліміздің жастар құрамасына шақыру алды. Бұл кезеңде құрама сапында қазақ волейболының атасы Октябрь Жарыяпапов сынды белгілі спортшылар бар болатын. 1959 жылы Алматыда ол кісі ойын көрсеткен студенттер командасы спартакиада жүлдегері атанды.

Алпысыншы жылдардың басында Сыр өңірінің тәжірибелі волейболшылары ел біріншіліктерінде үздік үштіктен түскен жок. 2002 жылы Т.Алтынбековтің ұсынысымен өңір-

де «Ақмаржан» командасы құрылды. 2011 жылға дейін облыстық волейбол федерациясының басқарып, талай жасты спортқа тәрбиеледі. Қалалық спорт комитетінің басшысы, жасөспірімдер спорт мектебінің директоры және өзге де басшылық қызметтерді атқарды.

Волейбол спортының тарихында есімі ерекше аталатын Тұрғанбек Алтынбековтің атасы Нұрлан Пірімбетов, Александр Гузиков, Владимир Ли, Нұрлан Алтынбеков, Әлиаскар Баймағбетов, Серік Әбдірахманов сынды танымал шәкірттері бар. Бұл жолы турнирде Шиелі ауданының командасы жеңімпаз атанса, одан кейінгі орындарды Қызылорда мен Түркістан қалаларының волейболшылары еншіледі.

«СБ» ақпарат